



№49 (874) 05.12.2025

E-mail: nurliolke@mail.ru

nurlyolke.kz

## ПРЕЗИДЕНТ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАП, ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕДІ

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ МАРАТ СҰЛТАНҒАЗИЕВТІ ҚАБЫЛДАП, ӨНІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІН ТЫҢДАДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ АҚОРДА. КЕЗДЕСУДЕ СОҒҒЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ НЕГІЗГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, АГЛОМЕРАЦИЯНЫ ДАМУ ТУРАСЫ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ САЛАЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ АХУАЛЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ.**

Есеп барысында өңірдің экономикалық өсіміне қатысты деректер ұсынылды. Соңғы үш жылда Алматы облысының жалпы өңірлік өнімі 1,8 есе ұлғайып, экономика көлемі 3,4 триллион теңгеден 6 триллион теңгеге жетті. Биылғы қаңтар-қазан айлары бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор 109,7 пайыз деңгейінде қалыптасты.

Облыста тағам өнеркәсібі, логистика және металлургия бағыттарында халықаралық компаниялардың қатысуымен жалпы құны 470 миллиард теңгеден асатын 13 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұл жобалар өңір экономикасын әртараптандыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беріп отыр.

Кездесуде өңдеу өнеркәсібінің экспорттық әлеуеті туралы да мәлімет берілді. Биылғы тоғыз айда экспорт көлемі 28,5 пайызға өсіп, 618,5 миллион долларға жеткен. Экспорттың 90 пайызы жоғары

қосылған құнды қайта өңделген өнімдерден тұрады. Бұл — өндіріс орындарының технологиялық жаңаруы мен бәсекеге қабілеттілігінің айқын көрсеткіші.

Ауыл шаруашылығы саласында да оң динамика байқалады. Алматы облысы мемлекеттік субсидияларды тиімді пайдаланатын өңірлердің қатарында: әрбір бөлінген теңгеге шаққанда 17 теңгеге дейін ауыл шаруашылығы өнімі өндіріледі. Сондай-ақ, соңғы уақытта тауарлы сүт фермаларының саны 11-ге дейін артқан.

Әлеуметтік инфрақұрылым бойынша да бірқатар нәтижелер аталған. Биыл он айдың ішінде облыста 950 мың шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілген. Үш ауысымды мектептердің саны 52-ден 28-ге қысқарғаны білім саласына бағытталған инвестициялардың тиімділігін көрсетеді.

Талқылау барысында Қапшағай су қоймасы мен ұлттық табиғи парктер маңында құрылып жатқан туризм клас-



терінің дамуы да назарға алынды. Өңірге келген туристердің саны 2,2 миллион адамға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 36 пайызға өскен. Туризмнің белсенді дамуы облыстың жалпы инвестициялық тартымдылығын күшейтіп отыр.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы облыс әкіміне өнеркәсіп пен аграрлық секторды дамыту, логистикалық ин-

фрақұрылымды күшейту, туризм әлеуетін арттыру және халықты толғандыратын мәселелерді кешенді түрде шешу жөнінде бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Алматы облысының алдағы дамуы осы міндеттердің жүйелі әрі сапалы орындалуына байланысты болатыны атап өтілді.

Шолпан ҚАРАЕВА

## ЕРЛІККЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІ

**АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МЕН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ 2025 ЖЫЛЫ 21 ҚАЗАНДАҒЫ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ КӨШЕЛЕРІНЕ СОҒЫС АРДАҒЕРЛЕРІНІҢ ЕСІМДЕРІН БЕРУ ТУРАЛЫ БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫСЫ ШЫҚҚАН БОЛАТЫН. ӨТКЕН АПТАДА ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕК АРДАҒЕРІ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ СУДЬЯСЫ, ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ АҚБАЙ ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ ӘЛІБАЕВТЫҢ АТЫНА БЕРІЛГЕН КӨШЕНІҢ (БҰРЫНҒЫ 2-ШІ ЛИНИЯ КӨШЕСІ) САЛТАНАТТЫ АШЫЛУ РӘСІМІ ӨТТІ. ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТУҒА ҮЛЕС ҚОСЫП, ЕҢБЕГІ ДЕ, ЕРЛІГІ ДЕ ҮЛГІ БОЛҒАН МАЙДАНҒЕРДІҢ ЕСІМІ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРДЫ. ОҒАН АРДАҒЕРДІҢ ҰРПАҚТАРЫ, АҒАЙЫНДАРЫ МЕН ҚАЛАЛЫҚ АРДАҒЕРЛЕР ҰЙЫМЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ, КӨШЕ ТҮРҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ БІРГЕ ҚЫЗМЕТ ІСТЕГЕН ЗАМАНДАСТАРЫ КУӘ БОЛДЫ.**

Салтанатты жиынды ашқан қалалық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Ізтілеу Тойшыбайұлы қала көлемінде абыройлы қызмет атқарып, саналы ғұмырын сот саласына арнаған, соғыс және еңбек ардагері Ақбай Әлібаевқа көше берілу-аға ұрпаққа деген құрметтің жарқын көрінісі екендігін айтып өтсе, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев ізгі шараның мән-мағынасына тоқталып, жас ұрпақты отан-сүйгіштікке тәрбиелеудің, ерлікке құрмет тұтудың өнегесі екендігін жеткізді.

Ақбай Дүйсебайұлы Әлібаев 1924 жылы 1 мамырда Талдықорған облысы Қаратал ауданындағы Тельман колхозында дүниеге келген. Бес жасында барлық туыстары қуғын-сүргінге ұшырап және ашаршылық құрбандары болғандықтан балалар үйінде тәрбиеленеді. 1942 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін өз еркімен майданға аттанып, барлау мектебінде 6 айлық дайындық курсынан өтіп, Благовещенск майданының 3-ші дивизиясының №489 жеке барлау ротасында жорық жолдарын бастайды.

Соғыста көрсеткен ерліктері үшін “Қызыл Жұлдыз”, III дәрежелі “Даңқ”, I дәрежелі



“Отан соғысы” ордендерімен, “Ерлігі үшін” медалімен марапатталған.

Елге аман-есен 1946 жылы оралған Ақбай Дүйсебайұлы Қазақ КСР Әділет жүйесінде жұмысқа орналасып, 1956 жылдан бастап Ақтөбе облысының Бай-

ғанин, Новороссийск аудандарында, содан кейін Октябрь аудандық соттың судьясы, сот төрағасы қызметін атқарды.

1975 жылы Алматы облысы Қапшағай қалалық халық сотын құрып, сот төрағасы болып тағайындалады. Қазақ КСР Әділет

министрлігі алқасының 1978 жылғы 16 қарашадағы №71 қаулысымен Қапшағай қалалық соты ұйымдастыру жұмыстарының оң тәжірибесі республика көлемінде кеңінен таратылады. 1981 жылы 2 желтоқсанда КСРО Әділет министрінің №344 санды бұйрығымен Ақбай Әлібаев “Еңбектегі жетістіктері үшін” медалімен марапатталады. Социалистік заңдылықты нығайтудағы еңбегі және қоғамдық өмірге қатысқандығы үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1983 жылғы 29 сәуірдегі жарлығымен “Қазақ КСР еңбек сіңірген заңгері” құрметті атағы беріледі. 1992-1994 жылға дейін Ақбай Дүйсебайұлы қалалық халық депутаттары кеңесінің төрағасы, Қапшағай қалалық мәслихатының хатшылығына сайланып, 2003 жылдың қазан айына дейін қызмет атқарды. Одан кейін 2007 жылдың наурызы айына дейін Қапшағай өңірінің ақсақалдар кеңесінің төрағасын абыроймен атқарды.

Жиында бауыры Беделхан Әлібаев, құдағиы Тамара Тұрлыбек, еңбек ардагері Мұратжан Сахарин, Сәуле Кубентаева көшеге есімі беріліп жатқан абыройлы азамат туралы жарқын естеліктерімен бөлісіп, ізгі шараның жас ұрпаққа тигізетін үлгі-өнеге екендігін жеткізді. Сондай-ақ ардагердің ұлы Серік Ақбайұлы осы көшенің әкесінің есімімен аталуына зор үлес қосқан қалалық әкімдік пен мәслихатқа, қалалық ардагерлер ұйымына және зиялы қауымның өкілдеріне отбасы атынан шексіз алғысын білдірді.

Шара соңында “Самұрқ” мейрамханасында майдангердің рухына ас беріліп, Құран бағышталды.

Заңғар АЛТАЙ

# ҚАЛАМГЕР МЕКТЕПТЕ ҚОНАҚТА БОЛДЫ

**ШЕҢГЕЛДІ АУЫЛЫНДАҒЫ ҚАДЫРҒАЛИ ЖАЛАЙЫР АТЫНДАҒЫ №6 ОРТА МЕКТЕПТІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ПУБЛИЦИСТ, АҚЫН, ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫ ЖАЗУШЫЛАР ОДАҚТАРЫНЫҢ МҮШЕСІ, «ЖЕЛТОҚСАН АҚИҚАТЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК СІҒІРГЕН ҚЫЗМЕТКЕРІ. ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ МЕН БАЛҚАШ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ, ҚОНАЕВ ҚАЛАЛЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ІЗТІЛЕУ ТОЙШЫ-БАЙҰЛЫМЕН «СЫЗДАҒАН ЖҮРЕК СЫРЛАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУ КЕШІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.**

Мектеп әкімшілігінің ұйытқы болуымен өткен іс-шараға мектеп директоры Назгүл Қалыбекова, ұстаздар мен мектеп оқушылары, қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелері қатысты. Кештің мақсаты ақынның өмір жолын, еңбегін таныстыру, жастарға үлгі ету. Өлкеміздегі халықтың ыстық

ықыласына бөленіп жүрген қаламгерлердің өрнегі мол шығармаларын оқуға насихаттауға, жастардың кітап оқуға құлшынысын арттыруға арналды.

Кеш қонағына оқушылар мектеп өмірі және ақындығы жайлы сұрақтар қойып, қызықты сұхбат жасады. Ақын белсенді



оқырман оқушыларға және мектеп музейіне өз жыр жинағын тарту етті. Кездесу барысында ақын поэзиясы туралы пікірлер айтылып, оқушылар өлеңдерін мәнерлеп оқып, көкейлерінде жүрген сұрақтарына тұшымды жауап алды. Әдеби шарада оқушылар кеш иесінің жырларын тыңдады.

Іс-шара соңында мектептің педагог-ұйымдастырушысы Гүлбақыт Етекбаева жылы лебіз білдіріп, кездесуге арнайы уақыт бөліп келген ақынға рақметін айтып, шапан жауып, шығармашылық сәттіліктер тіледі. Өз кезегінде ақын Ізтілеу Тойшы-

байұлы іс-шараны ұйымдастырушыларға және оқушыларға шынайы ризашылығын білдірді. Ақынға арналған поэзия кешін мектептің жас прокурор ұйымы «Туған ел» хорымен қорытындылады. Кеш соңында оқушылар ақыннан қолтаңба алып, естелік суретке түсті.

**Әділет ӘДІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қадырғали Жалайыр атындағы  
№6 орта мектептің қазақ тілі  
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Шеңгелді ауылы

# ТҮРКИЯЛЫҚ ИНВЕСТИТОРЛАР АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАРДЫ ПЫСЫҚТАУДА

**АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ТҮРКИЯНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ NATA HOLDING КОМПАНИЯСЫМЕН ЖАҢА ДЕҢГЕЙДЕГІ СЕРІКТЕСТІККЕ ҚАДАМ ЖАСАДЫ. ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН МЕМОРАНДУМ ӨҢІРДІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН КЕШЕНДІ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ РЕТІНДЕ БАҒАЛАНУДА. КЕЛІС-СӨЗДЕРГЕ ХОЛДИНГТІҢ ЖОҒАРҒЫ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАТЫСУЫ ИНВЕСТИТОРЛАРДЫҢ ӨҢІРГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫ-ЛЫҒЫН ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫРҒАН БАСТАМАЛАРДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫН КӨРСЕТТІ.**

Құжатқа қол қою рәсіміне облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев, облыстық басқармалар басшылары, Қонаев пен Алатау қалаларының әкімдері, сондай-ақ холдингтің басшылығы мен қазақстандық өкілдері қатысты. Түркия делегациясы құрамында NATA Holding бас директоры және қаржылық, техникалық, келісім-шарт бағыттарын үйлестірушілер болды.

Кездесуде Марат Сұлтанғазиев өңірдің қазіргі даму қарқынына тоқталып, Алматы облысының еліміздегі ең серпінді аймақтардың бірі екенін айтты. Әкім инфрақұрылымды жаңғырту, көлік желілерін кеңейту, инвестициялық ахуалды жақсарту және жаңа өндірістік аймақтарды қалыптастыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды атап өтті. Ол NATA Holding-тің инженерлік тәжірибесі мен халықаралық беделінің облыс үшін маңызды екенін, жолдар мен көпірлер салу, инфрақұрылымдық нысандарды дамыту, девелоперлік жобаларды жүзеге асырудағы тәжірибесі екіжақты жұмысты жаңа деңгейге шығаратынын жеткізді. Инвесторларға жер телімдерін



таңдаудан бастап рұқсат құжаттарын рәсімдеуге дейін барлық кезеңде қолдау көрсетілетіні айтылды.

Өз кезегінде холдинг өкілдері көрсетілген қолдау мен өңірде қалыптасқан қолайлы инвестициялық ортаға ризашылығын білдірді. Директорлар кеңесінің төрағасы Намық Танық меморандумның болашақ жобаларға негіз болатынын

және екі тараптың мүдделерін нақтылай түсетінін атап өтті.

NATA Holding – әлемдегі ең ірі 100 құрылыс компаниясының қатарындағы халықаралық холдинг. Компания ірі инфрақұрылымдық жобаларымен танымал. Соның ішінде Түрікменстанда 500 күнде 180 көпір салынған жоба Гиннестің рекордтар кітабына енген. Сондай-ақ холдинг Түркиядағы ең ірі сауда орталықтары желісінің құрылысында маңызды рөл атқарған.

Түркиялық делегация сапар барысында Қонаев қаласындағы «Жаңа Іле» кешенді даму аймағында болды. Мұнда ауқымды тұрғын үй құрылысы мен инженерлік инфрақұрылымды дамыту жоспарланған. Инвесторларға газ, су және электр желілерін тарту бойынша жобалар таныстырылып, құрылыс жұмыстарының құны ондаған миллиард теңгеге бағаланатыны атап өтілді. Бұдан бөлек, Шенгельді массивіндегі суару жүйелерін жаңғырту жобасы көрсетілді. Ол насос станцияларын жаңарту арқылы мыңдаған гектар ауыл шаруашылығы алқаптарын тұрақты сумен қамтамасыз етуді көздейді.

Делегация Талғар ауданындағы «Байсерке Агро» компаниясының «Наукоград» жобасымен де танысты. Ауқымды үлкен бұл бастама шамамен 1 триллион теңге инвестиция тартуды жоспарлайды.

Кездесу қорытындысында тараптар өзара іс-қимылдың негізгі бағыттарын талқылап, аймақтың инфрақұрылымдық және инвестициялық әлеуетімен жан-жақты танысты. Қол қойылған меморандум нақты келіссөздерге жол ашып, жаңа серіктестік жобаларын бастаудың мүмкіндігін береді. Сонымен қатар ол Алматы облысының инфрақұрылымдық міндеттерін шешуге халықаралық холдингтің ресурстары мен тәжірибесін тартудың берік негізіне айналады.



Ерлік КЕБЕКБАЙ



# БІЗДІҢ ЕРШАТ

Біреудің тегі қазақ, біреудің жаны қазақ. Тек – тәнге (сүйекке), жан – рухқа тартып тұрады. Ал рух – болмыстың тілі. Демек, құжатында ғана қазақ болып жүргенімен өз халқының рухани әлемінен қол үзіп қалғандардан гөрі өзге ұлт өкілі бола тұра да қазаққа пайдасын көп тигізетін азаматтардың бәсі жоғары. Яғни қазақ тілін өз ана тілінен кем білмейтін, қазақ мәдениетін өз халқының мәдениетінен кем құрметтейтін тұлғалар – біздің бүгінгі қоғамның ең сыйлы адамдары.

Қоғамның құрметін ешкім сатып ала алмайды, ол ел мен жерге деген махаббатыңның, адал еңбегіңнің, таза жүрегіңнің жігерімен жетер жетістік, адамдықпен шығар шыңың! Екіншісі біріне бұйыра бермейтін осы бақ басына қонғандар аз емес, соның ішінде тегі ұйғыр болғанымен жаны қазақ, мемлекетшіл тұлға – белгілі журналист, қоғам қайраткері Ершат Асметовтың орны бөлек дер едік. Сондықтан бүгінде алпыс жасқа толып отырған қаламгердің өмір мен шығармашылық жолына, қоғамдық қызметіне көз салсақ, оның еліміздің рухани тұрғыдан дамуына сіңірген еңбектері бағалауға тұрарлық.

## ЕҢБЕКТЕ ӨЗІН СЫНАҒАН

Алматы облысы, Ұйғыр ауданының Кішідиқан елді мекенінде дүниеге келген Ершат Моллахунұлы сол ауылдағы орта мектебін бітірді. Мектепте алғыр оқушы болды, мектепішілік түрлі әдеби-мәдени шараларда үнемі ұйымдастырушылық қасиетімен көзге түсетін белсенді болды. Мектепте өтетін шараларда ту ұстап тұратын. Әдебиетке жақын болды, өлең жазды, тырнақалды туындылары Ұйғыр және Панфилов аудандық газеттерінде жарық көріп жататын.

Мектепті бітірген соң о бастан ұстаздық кәсіпті сүйген Ершат Алматыға келіп, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетінің ұйғыр тілі мен әдебиеті бөліміне құжат тапсырады. Бірақ орысы жоқ, тек қазақ-ұйғыр

тұратын ауылда туып-өскен ол қабылдау емтиханында орыс тілінен диктант жазудан төмен баға алып қалады да, оқуға түсе алмайды. Ершат үйдегі төрт баланың кенжесі еді, өзінен үлкен екі ағасы мен бір әпкесі – бәрі жоғары білім алған. Өзі қарапайым дүкенші болса да балаларының жоғары білім алғанын зор мәртебе көретін Моллахун ақсақал білімді, алғыр бола тұра аға-әпкелерінің жолын жалғастыра алмаған кенже баласының оқудан құлап қайтқанына көңілі түсіп қалады. Бірақ алған бетінен қайтпайтын Ершат әкесін «келесі жылы оқуға түсетініне» сендіріп, бір жыл колхозда еңбек еткісі келетін айтады. Сөйтіп бұрын қолынан кітап түспейтін бозбала енді еңбекке бел шешіп кірісіп кетеді. Қолына темір айыр мен күрек алып, колхоздың мал қорасының қиын ояды, малға шөп тасиды. Бір сөзбен айтқанда, өмір көріп, өзін қара жұмысқа аямай жегеді.

Көктем келгенде сақпанға баратын болады. Ол кезде бұл маусымнан бәрі қашатын. Ал Ершат бригадир келіп «сақпанға барасың» дегенді естігеннен тас-түйін дайындалады. «Қашып кетпе» деген бригадирдің сөзіне «қайда қашам» деп таңданыпты. Таңнан ерте тұрып дайындалған Ершат сақпанға алып кететін бригадирді күтеді. Сағат 8 болады – бригадирден хабар жоқ. Сағат 8:30 болады – ешкім келмейді. Сосын күтуден шаршап кеткен жас бала сағат 9 болғанда «мені ұмытып кетпеді ме екен» деп, сөмкеге салған киімдерін арқалап, ауылдың шетіндегі шығар жолға барып тұрады. Ал болашақ сақпаншыларды әр жерден қуып жүріп ұстап жинаған бригадир Ершатты үйінен таппай, «Ай, Моллахун ағаның кенжесі жұмыс істейтін бала емес қой, өмірде қара жұмыс көрмеген ол сақпанға қайдан барсын» деп күңілдеп, «Осы қолға ілінгендеріне қанағат, бір адамнан азайып көбеймес» деп ауылдан шыққанда, жол шетінде қол көтеріп тұрған Ершатты көріп таң қалыпты. «Мұнда нағып тұрсың?» десе, «Сендер мені ұмытып кетті ме деп қорқып едім» деген баланың сөзіне «Сен-

дей аңқау адамды көрмеппін» деп күліпті бригадир.

Сақпанда Ершатты Сауқымбек деген шопанның үйіне қалдырыпты. Ол кісі Ершатты бір-екі күн жұмсамапты да, үшінші күні «Бүгін қой қорада кезекші боласың» депті. Сөйтіп алғаш рет Ершат буыз қойларды күзетеді. Қой туғанда жүгіріп барып қозысын алып, демала алмай жатқандарының аузын үрлеуді, енесіне телуді – бәрін үйренеді. Қозылы қойларды бағады. Бір күні атқа мініп жүріп, ердің артына отырып көрмекші болғанда ат мөңкіп жіберіп, сермеген артқы аяғы құлаған Ершаттың бетіне тиеді. Құдай сақтағанда, аттың тұяғы баланың бетін жырып өтеді. Бұрын ата-анасының қасынан көп ұзамаған бала үйін сағынып жүргенде аттың тепкеніне ызаланып жылап жіберіпті. Солайша, бір ай бойы сақпанда болып көрмегенін көріп, беті даланың аңызқ желінен жарық-жарық, қап-қара болып үйіне келгенде ата-анасы танымай қалыпты.

## БІЛІМ АЛУДА ЖОЛЫ БОЛҒАН

Енді бір жыл бойы колхоздың небір жұмысына жегіліп өмір көріп, жұмыстың небір түрін атқарып, еңбекте пісіп, ойы да, бойы да өскен Ершат ана-анасына «Ұйғыр халқының белгілі тұлғалары шыққан Жаркенттегі педучилищеге барып оқып, кейіннен бәрібір жоғары білім алам» деген кесімін айтады. Сөйтіп аталмыш оқу орнында бір жыл оқыған соң әскер қатарына алынады. Екі жыл міндетті әскери борышын өтеп болып, оқуына қайта оралған ол училищені бітіретін жылы сол кезде «Коммунизм туғи» (қазіргі «Ұйғур авази») деген атпен шығып тұратын еларалық газетте шыққан бір жарнамаға көзі түседі. Онда КазГУ-дің журналистика факультеті жанынан ұйғыр, неміс, корей жастары үшін 25 адам қабылдайтын арнайы бөлім ашылып жатқаны жазылған екен. Онда шығармашылық конкурс болатыны ай-

тылыпты, ал ол Ершатқа ыңғайлы еді, себебі газет-журналға шыққан мақалалары баршылық. Сонымен жоғары білім алуға талпынған жігіт КазГУ-ге құжат тапсырады. Барлық емтиханнан жақсы бағаға тапсырған Ершат журналистиканың ұйғыр бөліміне түсуге талаптанған 40 баланың ішінен бұл бөлімге берілген 7 орынның біреуіне ілігеді. Түскеннен кейін арнаулы пәндерден өзге сабақтар қазақ және орыс тілдерінде өтілетінін, соған сай таңдау жасау керектігі айтылғанда қыздар орыс бөлімін, Ершат пен қасындағы жігіттер қазақ бөлімін таңдайды. Өйткені, жасынан қазақшаны жақсы білетін, қазақ кітаптарын көп оқыған Ершатқа университетте қазақ тілінде білім алу түк те қиындық тудырмайтын еді.

Ауылшаруашылық жұмысына барғанда Ершат курстастарымен жақын араласып, танысып-білісе бастайды. Олар Ершаттан қазақ тілін де, әдебиетін де өздерінен кем білмейтініне таң қалады. Өйткені Ершаттың ата-анасы қазақша білім алған адамдар, өзі ұйғыр сыныбын бітіргенімен тіл-әдебиеттен өзге пәндерден қазақ мұғалімдер оқытқан Ершат тілге жетік болып өсті, қазақша кітаптарды жұрттан кем оқымағын-ды. Міне сол артықшылық оған жоғары білім алғанда да көп көмегін тигізді.

Жасынан әдебиетті сүйіп өскен Ершатқа, әрине, өлең ұйқастыруды жете меңгергені айтпаса да түсінікті. Қостанайда картоп жинап жүргенде жүргенде курстасы Ермахан екеуі өлеңмен айтысатын. Ершат өзі қалжыңқой жігіт. Әлгі ауылшаруашылық жұмысында жүрген Ермахан екеуі сақал жіберген ғой, соған қарап достары Ермаханға «Шимпанзе», Ершатқа «Горилла» деген лақап ат беріпті. Соны меңзеген Ершат досына «Ау, Шипеке, хал қалай» десе, ол «Шүкір жақсы, өзің қалайсың, Гәреке» деп күлетін көрінеді.

«Ол кезде журфакта өнерлі жігіттер оқыды ғой, 5-жатақханада күн де думан болып, жастар түнімен өлең оқып, ән салып жататын еді, – дейді сол кезді сағынышпен еске алған Ершат. – Әсіресе біздің курстан небір мықтылар шықты. Ғабит қазір «Egemen Qazaqstan» газетінің бас редакторы, Ермахан Шайхы мен Ғалия Майкотова ҚазҰУ-да сабақ береді, Нұрлан Қалқа Жоғарғы соттың баспасөз хатшысы, Нұржан Қуантайұлы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, Бекжан Әліқұлов Қазақстан Республикасының Ресейдің Астрахань қаласындағы бас консулының кеңесшісі, Арыстанғани Заппаров Алматы қалалық Полиция департаментінің бастығы, Жанар Оразымбет пен Гүлнәзия Молдабергенова Қазақ радиосының белгілі жүргізушілері, Тамара Дәулетбаева ҰҚК Шекара қызметінің подполковнигі, «Отан сақшысы – Часовой Родины» газетінің тілшісі, Бауыржан Ғұбайдоллин Батыс Қазақстан облыстық «Орал өңірі» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы. Бұлардың ішінде бірнеше кітаптары шыққан белгілі қаламгерлер бар».

## ӘДЕБИЕТТЕН ЖУРНАЛИСТИКАҒА КЕЛГЕН

Жасынан кітапқұмар болғанымен Ершат еңбектен шет қалмаған.

– 6-сыныпта оқып жүргенімде колхоздың жұмысына барып сарымсақ жұлға қатыстық, – дейді Ершат. – Ол қиын жұмыс, үсті-басың шаң-шаң болады, қолыңа сіңіп қалған сарымсақтың ісі кетпейді. Сонда да жұмыстан бас тартпай, жинап болғанша шыдадық. Бірақ колхоз басшылығы еңбегімізді жеп, ақымызды төлемеді. Содан ашуланып:

Самсақның ахчисини  
Бизнің колхоз йәп кәтті.  
Әгәр қолхоз йемисә,  
Шунчә ахча нәкәтті? –  
деп жазып жібердім. Өлең ел арасында тарап, колхозда біраз айқай болған.

# БІЗДІҢ ЕРШАТ

Соңы. Басы 3-бетте.

Міне алғашқы өлеңін әділетпен күреске арнаған Ершат кейін өз ана тілінде поэзияға ден қойып, Ұйғыр аудандық газетінде жиі көріне бастайды. Одан соң Жаркентте оқып жүргенде газетке штаттан тыс тілші ретінде қатысып, мақалалар жаза бастайды. (Айта кету керек, белгілі ақын, шығармаларын қазақ және ұйғыр тілдерінде бірдей жазған ақын Илия Бахтия (1932-1988) Ершаттың жақын туысы болып келеді).

Дегенмен о баста филология бойынша білім алып, жазушы болғысы келетін Ершаттың тағдырын КазГУ-дің журналистика факультетінде ұйғыр жастарына арналған бөлімнің ашылғаны жайындағы газетте шыққан бір жарнама мүлде басқа арнаға салып жіберді, сөйтіп ол журналистика саласына кетті. 2-курсан бастап оқумен қатар ұйғыр тілінде шығатын «Коммунизм туғи» (1991 жылдан бастап «Уйғур авази») газетінде корректор болып еңбек ете бастайды.

Корректорлық қиын жұмыс, себебі газет-журналдардың қатесіз шығуына ең жауапты адамдар – корректорлар. Кезінде тіпті «корректор болмаған журналист – журналист емес» деген де сөз болатын.



Міне соны санасына ұялатқан Ершат журналистикадағы жұмысын корректорлықтан бастағанына өкінбейді. «Қатеріп үйрену де дағдыға айналып кетеді екен, – дейді Ершат. – Жан-жағындағы жазуларға қарағанда онда кеткен қателер бірден көзіңе түседі. Тіпті көшеде келе жатып, қате жазылған сөздерді көргеніңде ашуың келіп, бірден түзеп тастағың келіп тұрады».

Университетті бітіруге аз қалғанда Ершаттың әкесі Моллахун ақсақал науқастанып қалады да, ол дипломын алар алмастан ауылына қайтуға мәжбүр болады. Сөйтіп, педагогикалық білімді училищеде алған жас жігіт журналистиканы бітірген соң 1993 – 1995 жылдары Алматы облысы Ұйғыр ауданы Кішідіқан орта мектебінде мұғалім, директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары болып еңбек етеді. 1995 жылы Ақтөбеде тұратын әпке-жездесінің ақылымен Алматыға оралады. «Уйғур авази» газетіне тілші болып орналасты. Одан соң бөлім бастығы, жауапты хатшы – бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарып, 2014 жылдың наурызынан бері сол басылымның бас редакторы болып істеп келеді.

## ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСТАР БЕЛСЕНДІСІ

1989 жылдан бастап өзге республикалар секілді Қазақстанда да ұлттық мәдени орталықтар ашыла бастаған еді. Соның бірі – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, ҚР еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Ғожахмет Сәдуақасовтың бастамасымен 1989 жылы наурызда құрылған республикасы ұйғыр мәдени орталығы еді. Одан кейін осындай қоғамдық бірлестік Алматы қаласында құрылып, оны белгілі қаламгер Турған Тохтамов басқарады. Оған, әрине, Ершат Моллахунұлы да атсалысты. Ол – мәдени орталық ашылмастан бұрын-ақ Алматыдағы ЖОО-ларында оқитын қабілетті жастардың басын қосып, әртүрлі мәдени шаралар ұйымдастырып, ұйғыр КВН-ін ашып, белсенділік танытып жүретін. Сондықтан жаңа ашылған мәдени орталық оны ҚазҰУ-дағы филиалдың төрағасы етіп сайлады.

ҚазҰУ-ды бітіріп ауылына барған Ершат ол жақта да белсенділігін тоқтатқан жоқ. Студент кезінен асабалық тәжірибесі болғандықтан тойларды, түрлі мәдени жиындарды жүргізетін. Сол асабалығын

дыларын қарап шығып, ішінен өзіме керекті өлең-сөздерді дәптеріме көшіріп жазып, одан соң қайта-қайта оқып, ойымда сақтап алуға дағдыланғанмын» дейді Ершат.

Журналист, қоғам қайраткері ретін Ершат Асмамов еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласып келеді. Қазақстан халқы Ассамблеясының тәжірибелі мүшесі ретінде Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, елдегі тұрақтылықты, қоғамдық және этносаралық келісімді нығайту жолында белсене қызмет атқарып келеді. Халықтың арасына жиі барып, ел аралап, Президенттің саясатын, мемлекеттің стратегиялық бағдарламаларын насихаттап келеді. ҚазМУ журналистика факультетінің шақыруымен бірнеше рет студенттерге шеберлік сабақтарын өткізіп, лекциялар оқыды. Бас редакторлар клубы және ҚХА Журналистер клубы ұйымдастырған республика, өңір, облыс деңгейіндегі барлық шараларға белсенді қатысып келеді. Маңызды тақырыптарға баяндамалар жасап, қажет болғанда бағалы пікірлерін айтып келеді. Телевизиядағы бағдарламаларына шақырылып тұрады. Белгілі журналистер тұрақты спикер ретінде еліміздегі әртүрлі жаңалық-өзгерістерге байланысты пікірлерін сұрап

(2010 жылдан бастап), Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы Ершат Асмамовтың жоғарыда айтылып өткен қоғамдық қызметтердегі жетістігі мемлекет тарапынан лайықты бағаланып келеді. Бірқатар мерейтойлық медальдармен, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мадақтамалары, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен ҚР Парламенті Сенаты және Мәжілісінің Алғыс хаттарымен наградталған. 2025 жылдың 24 маусымында ҚР Президенті Қ.Тоқаевтің қолынан «Құрмет» орденін алды.

Ершат Моллахунұлы бас редактор болып сайланған 2014 жылы «Уйғур авази» газетінің таралымы 12 мыңнан сәл-ақ асатын. Ал ол басшылық тізгінін қолға алғаннан кейін газеттің тиражы біртіндеп өсе бастады. 2020 жылы коронавирус пандемиясы кезінде бүкіл газет-журналдар үлкен проблеманы бастан кешкен кезде газет таралымы 16 мыңнан асты. Ал соңғы үш жылда әр жылды 20 мыңнан астам таралыммен бастады. Сөйтіп «Уйғур авази» республикадағы газеттер арасында таралым жағынан алғашқы «бестікке» кірді. Ол басшы болғаннан бері газет мазмұн жағынан байып, заман талабына сай шыға бастады. 2024 жылдың ақпанынан Мемлекеттік тілді қолдау және насихаттау мақсатында қазақ тіліндегі «Шаңырақ» арнайы беті, сондай-ақ жастарға, мұғалімдерге, әйелдерге, балаларға арналған беттер тұрақты шығып келеді.

Газет тек ұйғыр халқының жаңалықтары, жетістіктері мен ғана шектелмейді, газетте әлемге әйгілі тағамтанушы, академик Төрегелді Шарманов, Шығыстану институтының директоры Дүкен Мәсімханұлы, ҚХА Төрағасының орынбасары Марат Әзілханов, ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы Нәзипа Шанаи, танымал спортшы Қанат Ислам секілді тұлғалармен сұхбаттар ұйымдастырылды. Сол сияқты, Т.Молдағалиев, М.Құлқенов, Б.Жақып, Д.Байтұрсынұлы, Қ.Түменбаев, Е.Шайхы, Б.Ғұбайдуллин, Ғ.Мүсіреп, т.б. көптеген қазақ қаламгерлерінің және өзге ұлттар жазушы-ақындарының шығармалары аударылып беріліп келеді.

## ЕЛ БІРЛІГІН СҮЙЕТІН ЕРШАТ

Ершатты білетін достары оны «біздің Ершат» деп жақын тартады. Өйткені ол – талантты қаламгер, іскер басшы, қоғам белсендісі, ұлтаралық татулықты насихаттаушы. Әлемде түрлі оқиғалар болып жатқан тұста халқының ауызбіршілігін, тыныштығын сақтап отырған мемлекетінің амандығын тілеуші.

«Біздің ел бейбітшілік кеңістігі. Мұнда этностар арасында татулық пен келісім орнаған. Барлық этнос өкілдерінің тілін, әдебиеті мен мәдениетін дамытуға шыннайы жағдай жасалған. Мәселен, елімізде 15 тілде газет-журнал басылады. Неміс, ұйғыр, корей, өзбек ұлттық театрлары және бірнеше орыс театрлары бар. Мұның бәрі ел билігінің дұрыс саясат ұстанып отырғанының жемісі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Сондықтан осы елде өмір сүріп жатқан барлық ұлт өкілдері мемлекеттік тілді игеру шарт, бәріміз Мемлекеттік гимнді бір кісідей қатар тұрып шырқасақ – ол өзің тірлік кешіп жатқан елге деген құрмет. Өз елін сүймеген өз ұлтын да сүйіп жарытпайды, өзгеге де құрмет көрсетудің адамгершілік, мәдениет екенін де сезінбейді» дейді Ершат Моллахунұлы.

Бұл оның азаматтық сөзі, шын жүректен шыққан лебізі. Біз де Ершатты осы болмысы үшін жақсы көріп, «Біздің Ершат» дейміз. Біздің Ершаттың алар асуы көп болғай!

Ахмет ЖҰМАҒАЛИҰЛЫ

Алматыға келген соң да жалғастырды. Құрамына «Уйғур авази» кіретін «Қазақ газеттері» ЖШС-ның түрлі мәдени шараларында көзге түсті. «Қазақ газеттерінің» басшысы Жұмабек Кенжалин Ершаттың өнерпаздың қасиетін білгендіктен оған корпоратив-кештерді жүргізуді тапсыратын. Алғаш бастығының ұсынысына тосырқап қалған Ершат «Жұмабек аға, мұндай үлкен ұжымда қаншама қазақ журналистері еңбек етеді, бәрі де сөз білетін адамдар. Маған ыңғайсыз болмай ма?» десе де «Сенің қолыңнан келеді, қазақ тілін де ешкімнен кем білмейсің» деп бастығы қолдау білдіретін. Шүкір, Ершат жолынан жаңылмай, ондай жауапты істердің бәрін абыроймен атқарып келеді. Өйткені ол қандай шараны жүргізетін болса да алдын ала сценарий жасап, өз кітапханасынан қазақтың ақын-жазушыларының кітаптарын қолына алып отырып дайындалатын. «Тойды не қандай бір мерекелік шараны жүргізетін болсам, алдымен үйде отырып жеке кітапханамда тұрған Абайдан бастап, Қадыр Мырзалиев, Мұқағали Мақатаев, Тұманбай Молдағалиев, Мұхтар Шаханов секілді қазақтың белгілі қаламгерлерінің туын-

тұрады. Әлеуметтік желіде де қоғамдағы өзгерістерге, экономикалық жағдайға байланысты өз ойымен бөлісіп келеді.

2019 жылдың 29 қыркүйегінде Елордада ҚР Парламенті Мәжілісіне Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланған депутаттар тобының ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жалпыұлттық бірлікті және этносаралық келісімді нығайту мақсатында этникалық БАҚ-ты қолдау және дамыту бойынша жұмысы жайлы» тақырыбында басқосуда «Уйғур авази» республикалық қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы, ҚХА мүшесі Ершат Асмамов этно-БАҚ мәселелері бойынша баяндама жасады. 2022 жылы ҚР «Масс Медиа туралы» Заңының жобасын талқылау бойынша жұмыс тобының мүшесі ретінде аталмыш Заңның қабылдануына пайдалы пікірлерін айтып, белсене қатысты.

«Қазақстан ұйғырлары республикалық этностәріні орталығы» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары (2012 – 2024) болған, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері (2012), Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі

# ҚОНАЕВТА ХАЛАЛ СТАНДАРТЫНА САЙ ЖАҢА ДҮКЕН АШЫЛДЫ

Облыс орталығындағы Жамбыл көшесі бойында “KHAN Gourmet” кәсіпорнының Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының халал стандартына сай өндірілетін өнімдерін сататын дүкені ашылды.

Салтанатты рәсімде алғашқы сөз кезегін алған облыстың бас имамы Мадияр Пірімқұлов жаңа дүкеннің ашылуымен құттықтап, қаладағы ҚМДБ-ның халал стандарты бойынша сертификатталған сауда орындарының тағы біреуге көбейгеніне қуанышты екенін жасырмады.

Келесі кезекте Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанынан құрылған, шариғат нормалары мен халал стандарт тәртібі бойынша стандарттау және сертификаттаумен айналысатын “Халал Даму” мекемесінің Алматы облысындағы өкілі Жанәбіл Жұмабеков “KHAN Gourmet” кәсіпорнының өкілі Талғат Хамзаұлына халал сертификатын табыстады.

– Бұл – Қонаев қаласындағы халал стандартына сай келетін екінші дүкен. Бұған



дейін “Maki Maki” дәмханасы сертификат алған болатын. Сондай-ақ “Бауырдақ” асханасы да қажетті талап-шарттарды орындап, құжаттарын рәсімдеуде. Келісім-шарт негізінде біздің тарапымыздан жоспарлы және ескертусіз тексерулер болып тұрады. Мал мен тауықтың жейтін жемінен бастап, сойылу, тасымалдау, сату барысын қадағалаймыз, – деді Жанәбіл Жұмабеков.

Одан кейін қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев сөз алып, жаңа сауда орнының халыққа үлгілі қызмет көрсететініне кәміл сенімді екенін білдіріп, дүкеншілердің істеріне сәттілік тіледі.

«Жақсыны көрмек үшін» дегендей, осындай қуанышты сәтке куә болуға келген дүйім жұрт есігін айқара ашқан дүкен ішіне еніп, тауар бағасымен танысты. Ел игілігі үшін ашылған сауда орнында ет, шұжық, жартылай фабрикат өнімдерінің сан алуан түрі бар болып шықты.

Қазіргі уақытта дүкеннің ашылуы елді елең еткізерлік жаңалық бола қоймас. Алайда бұл дүкендегі өнімдер Ислам дінінің негізгі қағидаларын берік ұстанатын жандар үшін маңызды саналады. Сонымен бірге бағасының нарықтағы бағадан төмендігімен ерекшеленеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

## БЮДЖЕТНЫЕ ПОСТУПЛЕНИЯ РЕГИОНА ОБНОВИЛИ МАКСИМУМ И ПРЕВЫСИЛИ 1 ТРЛН ТЕНГЕ

Алматинская область поставила новый финансовый рекорд. По итогам одиннадцати месяцев 2025 года регион впервые в своей истории преодолел рубеж в 1 триллион тенге по поступлениям налогов и других обязательных платежей в государственный бюджет. Как отмечается в данных, представленном Пресс-службой Акимата области, этот результат стал ключевым этапом в социально-экономическом развитии региона и отражает эффективность мер по расширению налоговой базы и поддержке предпринимательства.

По сравнению с аналогичным периодом 2024 года поступления в государственный бюджет выросли на 104,5 миллиарда тенге, или на 11,4 процента. Год назад, по состоянию на 1 декабря 2024 года, объем налогов и обязательных платежей составлял 915,1 миллиарда тенге. Нынешний прирост показывает, что регион не просто сохраняет прежние темпы, а постепенно усиливает свою роль одного из ключевых доноров национальной экономики.

Особенно заметно выросли собственные доходы местного бюджета. В 2025 году они достигли 566,8 миллиарда тенге, что на 98 миллиардов тенге или 20,9 процента больше уровня 2024 года, когда этот показатель составлял 468,9 миллиарда тенге. Такие темпы говорят о расширении экономической активности на местах: увеличении числа работающих предприятий, развитии малого и среднего бизнеса, росте оборотов в торговле, услугах и производстве. Укрепление собственной доходной базы дает региону больше возможностей планировать и реализовывать инфраструктурные и социальные проекты, не полагаясь исключительно на трансферты.

Поступления в республиканский бюджет по итогам 11 месяцев 2025 года составили 452,8 миллиарда тенге. Это на 6,6 миллиарда тенге, или на 1,5 процента, выше прошлогоднего показателя в 446,2 миллиарда тенге. Хотя темпы роста здесь более умеренные, сама динамика свидетельствует о сохранении устойчивой налоговой отдачи со стороны крупных и средних предприятий, работающих на территории области.

В более длинной перспективе картина выглядит еще выразительнее. В 2021 году общая сумма поступлений в бюджет составляла 663,4 миллиарда тенге. Сегодня, по итогам 2025 года (за 11 месяцев), рост

относительно этого уровня достиг 356,2 миллиарда тенге. При этом в республиканский бюджет поступления увеличились на 106,7 миллиарда тенге, а в местный – на 249,4 миллиарда тенге. Это говорит о том, что основная часть прироста пришлась именно на собственные доходы региона, что является важным индикатором усиления финансовой самостоятельности области.

Справочные данные за предыдущие годы подтверждают устойчивость восходящего тренда. В 2022 году объем поступлений составил 780,1 миллиарда тенге, в том числе 384,0 миллиарда в республиканский и 396,1 миллиарда тенге в местный бюджет. В 2023 году совокупные поступления достигли 888,6 миллиарда тенге (из них 488,3 миллиарда в республиканский и 400,3 миллиарда тенге в местный бюджет). В 2024 году показатель вырос до 997,6 миллиарда тенге, из которых 477,0 миллиарда пришлись на республиканский бюджет и 520,5 миллиарда тенге на местный. На этом фоне преодоление триллионного порога в 2025 году выглядит логичным этапом в последовательной траектории роста.

С экономической точки зрения повышение поступлений в бюджет означает не только сухие цифры статистики, но и расширение возможностей региона. Дополнительные доходы позволяют укреплять инфраструктуру, модернизировать социальные объекты, усиливать поддержку предпринимательства и аграрного сектора, развивать транспорт и инженерные сети. Для Алматинской области, которая активно развивается в промышленности, логистике, сельском хозяйстве и сфере услуг, стабильный рост налоговых поступлений становится базой для долгосрочного планирования.

Преодоление рубежа в 1 триллион тенге по поступлениям в государственный бюджет стало для Алматинской области важным индикатором устойчивого развития. Цифры показывают не разовое достижение, а результат последовательной работы по расширению налоговой базы и созданию условий для роста бизнеса. Именно на этой основе регион получает возможность и дальше усиливать свою экономическую роль и повышать качество жизни населения.

Дина АМИРОВА

## БЕЗОПАСНАЯ РЫБАЛКА ЗИМОЙ: ЧТО НУЖНО ПОМНИТЬ, ВЫХОДЯ НА ЛЁД

С наступлением зимы на озёрах и водоёмах всё чаще можно увидеть любителей подлёдной рыбалки. Однако отдых на льду таит в себе множество рисков, и невнимательность может обернуться трагедией. В связи с этим отдел Капшагайской рыбной инспекции напоминает важные правила безопасного поведения на льду в зимний период.

В первую очередь необходимо правильно подготовиться. Рыбакам рекомендуется надевать спасательный жилет или специальный костюм-поплавков, а также иметь при себе минимальный набор спасательных средств: верёвку, палку, доску и так называемые «кошки» – приспособления, помогающие выбраться на поверхность льда.

В неблагоприятную погоду – во время снегопада, тумана или дождя – выходить на лёд категорически не рекомендуется. Нельзя отправляться на рыбалку в одиночку. Если переход осуществляется группой, следует соблюдать расстояние между людьми не менее пяти метров. Лунки также нельзя бурить слишком близко друг к другу – оптимальное расстояние составляет 5–6 метров.

Перед выходом на лёд необходимо убедиться в его прочности. Для перемещения лучше всего пользоваться уже протоптанными тропами. При их отсутствии следует заранее на берегу наметить маршрут движения и взять с собой крепкую длинную палку. Если на поверхности льда появляются признаки его непрочности – треск, сгибание или выступающая вода – необходимо сразу же вернуться на берег.

Передвигаться по льду следует осторожно: ноги нужно держать широко расставленными, почти не отрывая их от поверхности, а в опасных зонах – двигаться ползком. Категорически нельзя проверять толщину льда, ударяя по нему ногой.

Если человек провалился под лёд, необходимо незамедлительно звать на помощь. Выбравшись следует в сторону крепкого участка, наползая на лёд грудью и широко раскинув руки, чтобы увеличить площадь опоры и снизить давление на кромку льда.

Специалисты напоминают: соблюдение элементарных правил поведения на водоёмах – это основа вашей личной безопасности. Будьте внимательны, берегите себя и своих близких.

Хорошего улова и осторожности на льду!

Е. АСХАТУЛЫ,  
главный специалист отдела  
Капшагайской рыбной инспекции

## СПОРТ

# ҚАНЖЫҒАДА – ҚОС ЖҮЛДЕ

**АСТАНАДА ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ ӨНІРЛЕРІНЕН КОМАНДАЛАРДЫ БІРІКТІРГЕН АУҚЫМДЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР – «АУЫЛ ОЙЫНДАРЫ» ӨТТІ. ІС-ШАРА ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫҢ ЕЛ МӘДЕНИ МҰРАСЫНЫҢ БІР БӨЛІГІ РЕТІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН КӨРСЕТИП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ЖАҢА СПОРТТЫҚ КӨШБАСШЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ДА АЛАҢ БОЛЫП ТАБЫЛДЫ. «АУЫЛ ОЙЫНДАРЫ» ТУРНИРИ ЖАСТАРДЫ ҚОҒАМ ӨМІРІНЕ БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСУҒА ШАБЫТТАНДЫРУҒА ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ТҰРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДА САЛАУАТТЫ ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІ ӨМІР САЛТЫН НАСИХАТТАУҒА БАҒЫТТАЛДЫ.**

Турнирге жүздеген жас спортшылар, спорт ұйымдарының өкілдері, қоғам қайраткерлері және Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаттары қатысты. Қатысушылар асық ату, ләңгі тебу, арқан тарту, қазақша күрес, садақ ату, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық және қазіргі спорт түрлеріндегі шеберліктерін, сондай-ақ футбол бойынша командалық жарыстардағы дағдыларын көрсете алды.

Турнирдің салтанатты ашылуы салтанатында құттықтау сөз сөйлеген «Ауыл» партиясының Төрағасы Серік Егізбаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары

Жигули Дайрабаев және Анас Баққожаев, сонымен қатар басқарма мүшесі, әлеуметтік-және мәдени даму жөніндегі проректор Жазира Жазықбаева спорт арқылы ұлттық дәстүрлерді сақтау және жастарды белсенді қоғамдық өмірге тартудың маңыздылығын атап өтті. Жарыстардың барысында қатысушылар мен қонақтар финалдық ойындарды тамашалап, жетекші төрешілер мен жаттықтырушылардан ұлттық ойындардың ережелері мен дәстүрлерін үйренді және әр өңірдің мәдени ерекшеліктерімен танысты.



Турнирдің нәтижесі бойынша асық атудан 1 орынды-Кенже Нұрмұханбет (Қызылорда облысы), ләңгі тебуден 1 орынды-Нұрым Бейсенбай (БҚО), арқан тартудан 1 орынды-БҚО командасы, қазақша күрестен 1 орынды- Бекзат Темірке (Ақмола облысы), садақ атудан (ұлдар) 1 орынды-Ернар Махмет (Атырау облысы), садақ атудан (қыздар) 1 орынды-Кенже Атамбозова (Қостанай облысы), тоғы-

зқұмалақтан 1 орынды-Али Исабеков (Қарағанды облысы) иемденді.

Алматы облысының намысын қорғаған Еркебұлан Майсабек садақ атудан үшінші орын алса, тоғызқұмалақтан Амина Абамова да осы тұғырдан көрініп, қола жүлдені қанжығаларына бөктеріп қайтты.

**Мұхаммед ХАМИТ,**  
«Алатау жастары» Қонаев қалалық ұйымының төрағасы

# ҚОНАЕВ КІТАПХАНАСЫНДА ЗАМАНАУИ ФОРМАТТАҒЫ ӘДЕБИ ТҮН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

**2025 ЖЫЛ 26 ҚАРАША КҮНІ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫНДА ӨТКЕН «ЖАРЫҚ ПЕН БІЛІМ ТҮНІ» АТТЫ ЕРЕКШЕ ФОРМАТТАҒЫ МӘДЕНИ ШАРА КІТАПХАНА КЕҢІСТІГІН ЖАҢАША ТАНЫТЫП, ОҚЫРМАНДЫ КІТАП ӘЛЕМІНЕ ЖАҢА ҚЫРЫНАН ЖЕТЕЛЕН ЖАРҚЫН ОҚИҒА БОЛДЫ. БҰҒАН ДЕЙІН «КІТАПХАНА ТҮНІ» РЕТІНДЕ ТАНЫЛЫП КЕЛГЕН БҮЛ КЕШ БИЫЛ ЗАМАНАУИ БАҒЫТТА ҚАЙТА ЖАҢҒЫРЫП, МАЗМҰНЫ МЕН КӨРНЕКІЛІГІ ЖАҒЫНАН ТЫҢ СЕРПІН АЛДЫ.**

Аталмыш іс-шараның басты мақсаты кітапхана жұмысы мен тынысын заманға сай форматта дәріптеу, әр жастағы оқырманды кітап әлемімен жаңа қырынан таныстыру, кітапты тек оқу нысаны ретінде емес, ойын, шығармашылық және жаңалық көзі ретінде таныту, интерактивті аймақтар, әдеби ойындар, авторлармен кездесу, квесттер мен шығармашылық байқаулар арқылы оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру болып табылады.

Кеш қонақтарын кітапхана ұжымы түнгі атмосфераға сай ерекше образда қарсы алды. Жұлдыздармен безендірілген киімдер, маскалар, мерекелік шамдар және фото-зона – барлығы BookNight кешінің сиқырлы әлемін сездірді. Кітапхана кіреберісіндегі «Даналық қолшатыры» мен «Сыңан қызы Азаның» аймақтары орналастырылып, келген қонақтар тілек кітапшаларын қызыға оқып, Азадан болашақтарына қатысты шағын болжамдар тыңдап, алғашқы сәттен-ақ шараның ерекше форматына еніп кетті.

Қонақтар кітапхана ішіне өткен соң, әр бөлім өзіне тән мазмұнмен және бағытпен жұмыс жүргізді.

Мектеп кітапханашылары «Кітап. Квест. Game» ойынына қатысып, кітапхананың



қорымен танысып, логикалық ойлау мен командалық әрекет арқылы танымдық тапсырмаларды орындады.

Ал «Бірге оқиық» клубының мүшелері «Мен оқыған кітап...» әдеби аймағында оқыған кітаптары туралы ойларымен бөлісіп, пікір алмасып, заманауи оқырман бейнесін танытты.

Балалар бөлімінде ертегі кейіпкерлері бейнесіне енген оқушылар «Ертегілер еліндегі кітапхана» аймағындағы сайысқа қатысты. Бұл бөлім ертегіні насихаттауды, қиял әлеміне жол ашуды және балалардың топпен жұмыс істеу, жауапкершілік секілді дағдыларын дамытуды мақсат етті.

Сонымен қатар кеш барысында ақын Сұлтан Ажармен өткен «Менің бағытым – биік белес» мотивациялық-шығармашылық кездесуі кештің мазмұнын байытып, жас оқырмандарға жаңа шабыт сыйлады.

Аймақтардың жұмысы аяқталған соң, кештің ресми бөлімін ашу мәртебесі «Қонаев қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-нің басшысы Мұстафа Абылайхан Раисұлына берілді. Ол шараның маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға жылы лебізін жеткізді.

Сөз тізгінін Алматы облысының мәдениет, архив және құжаттама басқармасының маманы Талғат Ақжол мен Алматы облыстық орталық әмбебап кітапхана-



сының іс-шаралар бөлімінің қызметкері Султанбекова Данышбан Смановна алып, кеш қонақтарына жүрекжарды құттықтауларын арнап, кітапхана ұжымының еңбегіне жоғары бағаларын білдірді. Ресми құттықтаулардан соң қатысушыларды марапаттау рәсімі өтті. «Ертегілер еліндегі кітапхана» аймағындағы сайысқа қатысқан балалардың арасынан үздік үштік анықталып, жеңімпаздарға арнайы қаржылай сыйлықтар табысталды.

Кештің ерекше бөлімі – «Түстер еліне саяхат» атты кітаптар шеруі болды. Кітапханашылар түрлі түсті киім киіп, сол түске сәйкес келетін кітаптарды таныстырып, көрермендерге ерекше визуалды әсер сыйлады. Концерттік бағдарламада 2-сынып оқушысы Пірмұхамед Медина Қуанышқызы «Отан» әнін орындап, кештің рухын одан әрі асқақтатты.

Шара соңында қарай белсенділік танытқан жандар арнайы марапаттармен құрметтеліп, Қонаев қаласы кітапханасының басшысы Ақтанова Айгүл Бегімбайқызы кешті қорытындылады.

«Жарық пен білім түні» – кітапхананы тек кітап оқитын орын емес, шығармашылық, мәдениет және жаңашылдық орталығы екенін дәлелдеген мазмұнды шара болды. Қатысушылар ерекше атмосфераға еніп, әр аймақтан жаңа әсер, жаңа білім, жаңа эмоция алып шықты. Кеш кітапқа деген сүйіспеншілікті арттырып, оқырман мен кітапхана арасындағы байланысты нығайтып, ұмытылмас мәдени тәжірибе сыйлады.

**Ергешова Балжан Ерікқызы,**  
Қонаев қаласы кітапханасының кітапханашысы



# ҚУҒЫН – СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ОЙШЫ МАЙАСАРҰЛЫНЫҢ ӘУЛЕТІ

**ӘШІМБЕК ОЙШЫҰЛЫ УЕЗД ОРТАЛЫҒЫ ҚАПАЛҒА СОҒЫ БАРҒАНЫНДА ПАТШАНЫҢ ТАҚТАН ТАЙҒАНЫН, ЕЛДІ ҚОС ӨКІМЕТ БИЛЕП ТҮРҒАНЫН ЕСТИДІ. ЖОЛ-ЖӨНЕКЕЙ ЖӘЛМЕНДІНІҢ ҰЛЫ ПІШӘННІҢ АУЫЛЫНА СОҒАДЫ. ПІШӘН КӨЗІ АШЫҚ, ОРЫСТАРМЕН ЖИИ АРАЛАСЫП ТҮРАТЫНДЫҚТАН, РЕСЕЙ ЖАҚТАН «ҚЫЗЫЛДАР КЕЛЕ ЖАТЫР» ДЕГЕН СУЫҚ ХАБАР ЖЕТКЕНІН АЙТЫП:**

– Түбінде билікті солар ала ма деген қауіп бар, егер өкімет большевиктердің қолына тисе, сен де, мен де, күллі бай-болыс, зиялы қауым түгел құрғимыз, - дейді.

1921 жылдың көктеміне қарай Пышан Жәлмендіұлының үстінен арыз түсіп, Талдықорған қаласының абақтысына қамалған кезде дос-жарларына, жолдас-жораларына, Ойшының балаларына да өлеңмен хат жолдаған екен.

*Сәлем де Ойшы байдың Көбесіне,  
Дұрыстап құлағың сал кеңесіме.  
Әшімбек, аман да бол, қайран жәкем,  
Жігіттің Нұқы салған кемесіндей.*



**Әшімбектің ұлы  
Сайлаубек**

*Әкеңде ақым бар деп балаларды,  
Сүйретіп әрбір қасқыр жемесін де.  
Қылыңдар бата-дұға көп ағайын,  
Алғайсың жолдасым деп мені есіңе.*

Пышанның айтқаны айдай келіп, тығырық ел тізгінін ұстап отырған бай-бағландарға да таянады. Сонда Әшімбек: «Пішәнмен салыстырғанда мен кімін? Пішән сияқты айналама жігіт-желең жинап, бал дәурен де құрған жоқпын. Бар бітіргенім әкемнен қалған екі қабатты ағаш үй мен мал-мүлікке ие болғаным. Оны да міне, әне-міне алады деген қауесет бар» деп қауіптенгені бекер болмады.

Ойшының Верныйдағы Пішпектің базарына жылда мал айдайтын үйін жаңа өкімет алғаш орнаған күні-ақ кәмпескеге жатқызады. Балалары біраз жыл әке жолын қуып сауда-саттықпен айналысады. Бірақ ешқайсысы ұқсата алмайды. Әшімбек әкесі сияқты алысқа мал айдамаса да, жыл сайын Верный базарына 200-дей жылқы, 5-6 мың ісек түсіріп тұрыпты.

«Ірі байлар мен ақсүйек шонжарлардың және әлеуметтік қауіпті элементтердің мал-мүлкін кәмпескелеп, өздерін жер аудару туралы» 1928 жылы тамыз айының 27-сі күні шығарған қаулысына орай, көп ұзамай Балқаш ауданынан Әшімбек Ойшиев, Сүндетбай қажының ағасы мен бауыры Дәркенбай мен Тезекбай Смайыловтар, Қожай Бөрібаев, Әбіл Тілеуқабылов, Жаманқұл Шығыров ең алғашқылардың бірі болып кәмпеске тізіміне ілігеді.

Елдің сөзін ұстап, мал мен жанға бас ие болып отырған ауқатты байлар бірінен кейін бірі кәмпеске науқанымен апай-топай қанаушыға жатқызылып, мал-мүлкі тартып алынып, отбасымен жер аударылып, түрмеге жабыла бастады. (Тәркіленген адамдардың істері Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік

мұрағатындағы 135 қорда сақталған. З.Ә.). Ел есінде кәмпеске қасіреті, одан кейін іле-шала жеткен ақсүйек ашаршылық қырғынның ұмытылмас азабы қалды. Өлілер тұрмақ тірілер құмда ізі, сайда саны қалғанын білмейтін аждаһа аранынан өзін арашалап қалу үшін арпалысып, жан-жаққа босып кетті.

Құдайдан бұйырған бағы бар, істі дөңгелету мүмкіндігінің мехнатын мейлінше арқалап, тиімді жүргізудің шеберлігін атадан балаға мирас болған қабілетімен жандандырған әулеттерді бір күнде жалаңаяқ қалдырып, түгін қалдырмай тентіретіп жіберу үрдісі аса өрескел, өршеленген қалыпта жүзеге асып жатты. Кәмпескенің кесірінен Құдайдың бақ-дәулеті мен әкенің аманатын, жалғыз әулетіне емес бір ауыл болып жұмылған жамағатына, мал-мүлікке ие болып отырған ағайын, туыс-жұрағатын тегіс қамтып, барлық ас-ауқат пен той-жиын, ас-амалдардың демеуі болып отырған тірек, әкімшілік институтты әп-сәтте тып-типылын шығарып, талай қазаны оттан түспеген берекелі шаңырақтардың орны, төрінен келелі кеңестері күмбірлеген киелі төңірегі тақыр жерге, күлі бұрқыраған азып-тозған жұртқа, шашылып, еңсесі қожыраған қоңсы қонысқа айналып кетті.

Ойшы ұрпағының ішінде Әшімбек мінез-құлқымен де, ұстанған жолымен де талайлар үшін жұмбақ болған жан. Кәмпеске кезінде 1000 қойы, 60 – 70 жылқысы, 30 – 40 түйесі бар деп есептелген Әшімбек Ойшыұлы кәмпеске тізіміне ілінісімен «Жан-жағымның бәрі тарылып болғанын сезіп отырмын. Енді құрулы қақпанға түсу ғана қалды. Менен басқалардың шаңырағы ортасына түсіп, айдалып, не жер ауып жатыр.



**Әшімбектің келіні Әгіш  
Диқанбайқызы**

«Құдайдың жазуы сол шығар» деп отыра берейін десем, жан алқымға тіреліп тұр. Басымды елден, жерден алыстап, танымайтын, білмейтін іргедегі қырғыз, яки шалғайдағы өзбек жеріне өтіп, бой тасалай тұрсам ба деп едім. Ол жақтың байлары да шоқ басқандай боп жүр дейді. Енді туған жерді тастап, шекарадан өту ғана қалды» деп Қамал түбегіне бой тасалап үлгереді.

**Выписка заседания  
Президиума Алма-Атинской  
Окрисполкома от 1929 г.**

**Слушали: О переводе  
баев полуфедалов из  
одной группы в другую**

*Постановили: Во время конфискации у отдельных баев полуфедалов не хватало нормы скота, предусмотренной по инструкции КЦИК, по ввиду их потомственной родovitности, влятельности, безперерывной антисоветской деятельности, почему возбудить ходатайство перед СИК о переводе нижеследующих баев из ст. 1 в ст. 1, прим, 2, по следующим основаниям:*

*Ойшиев Ашимбек-казах, Алма-Атинского округа, Балхашского района, потомственный волуправитель. При русском самодержавии служил 12 лет биём. Все время эксплуатировал батраков. Лишен избирательных прав. Как крупный бай и бывший служивый элемент имел громадный авторитет среди населения. Как антисоветский элемент, все время препятствовал советизации аула и влял на низовой советский аппарат.*

*Ойшиев Ашимбек перед началом проведения конфискации скрылся из аула, боясь репрессии за свою антисоветскую работу. Окр.уполномочен-*

*ным не было выявлено фактическое количество скота на 1 января 1928 г., вообще, и в частности павшего от джута зимой и весной 1928 г. и проданного. (ҚР ОМА 135 қор, №657-іс, 8 п.)*

**Выписка верна.  
Зав. с/ч. (Веркутис)**

Бұл жерде тергеу бөлімінің жетекшісі Веркутис Алматы облыстық атқару комитетінің президиумына Әшімбектің үстінен жоқты бар қылып көрсетіп, үйіп-төгіп жалған ақпаратпен күйе жаққаны анық болып тұр. Олай дейтініміз, Ойшы әулетімен болыс дегені шындыққа мүлдем жанаспайды. Ойшының көп ұлдарынан 1906-1909 жылы болыс болғаны тек Әшімбек қана екендігін мөрмен таңбаланған архив құжаттары айғақтап тұр.

Әшімбекті қолға түсіре алмай қапы қалған ГПУ қызметкерлері Мұратбек Майасаровқа Әшімбектің ұлы деп шүйлігіп, ақырында тізімде бір жылқысы, 1 сауынды сиыры, 14 қойы бар оны да кәмпескелеп, Орал округінің төрінен бірақ шығарады. Ол нақақтан-нақақ кәмпескелеуге ұшырағаны жайлы Қазақ КСР Орталық Атқару комитетінің президиумына арыз жазып, ешқашан бай болып еңбекшінің еңбегін қанамағанын, тіпті Әшімбектің баласы еместігін дәлелдеуге тырысып арыз жазумен болды.

## ЖАЛОБА

*Я являюсь действительным бедняком в казахской среде и у меня не было на времени компании по выселению всего следующего количество скота: 1 кобыла, 1 дойная корова с теленком, 10 баранов и 4 ягненка. Вот это-то мое имущество конфисковано, а сам выселен на том основании, что я будь-то бы являюсь родным сыном крупного бая №3 аула Лебалхашского района Ашимбека Ойшиева.*

*Исходя из такого сомнительного присоединил мое хозяйству Ойшиева и меня с семьей к семье его, так что я ниже выселен под фамилией Ойшиева. Все возражения и доводы мои, о том, что я являюсь Маясаровым и что Ойшиев чужой для меня человек, оказались перед Окрисполкомом тщетными и безуспешными. Ввиду своей бедности до 1928-1929 окладного года я всегда был освобожден от сельхозналога и, потому, не платил его.*

*Вдруг на (1928) 29 окладной год мне был представляемый мной при сем окладной лист, в котором прямо сказано, что я являюсь Маясаров, а не Ойшиев, но в котором слишком переувеличено мое благосостояние и присано мне столько скота, сколько у меня сроду не было, полагаю,*

**Жалғасы 8-бетте.**

**Жалғасы. Басы 7-бетте.**

что тут приписали мне часть скота Ойшиева, чтобы сделать меня платежеспособным налогоплательщиком. Это было-бы меня не выселили с конфискацией приписанной части скота Ойшиева.

Однако, категорически доказываю на основании означенного окладного листа, что я Маясаров, а не Ойшиев, и что изменил мою фамилию. Сверх всего в доказательство того, что я всегда ношу фамилию Маясаров, а не Ойшиев и что Ойшиевым ничего общего я не имею. Представлю при сем свою книжку за №231, из которой явствует, что я Муратбек Маясаров, состою Союза Кочши с 17.03.1926 года и не ношу фамилия Ойшиев или Ашимбеков. Спрашивается после этого какие еще нужны доводы для того, чтобы я мог доказать неправильность присоединения меня с семьей Окрисполкомом к семье Ашимбека Ойшиева, ничего общего имеющего со мной.

На основании изложенного прошу Президиум КазЦИКа, в возможной скорости, рассмотреть дело о выселении меня с конфискацией моего имущества и в случае признания моей жалобы заслуживающей уважения отменить обжалуемое постановление Алма-Атинского Окрисполкома о выселения меня со всеми последствиями, разрешив мне с семьей возвратиться к месту своего прежнего местожительства. (ҚРОМА. 135 қор, №657-іс, 24-25 п.)

**24.11.29 г.  
г. Кзыл-Орда.  
Подпись**

Мұратбек Майасаровтың Қазақ КСР Орталық Атқару комитетінің президиумына жазған арызынан біраз жайтты түсінуге болады. Бұл арада «Мұратбек Әшімбектің ұлы болғаны рас па?» деген сауалдың алдымыздан көлденеңдеп шыққаны рас. Орысша жазылған арыз мәтініне қарағанда, әлдебір жанның оған бүйрегі бұрып, қалайда жер аударылуынан аман алып қалудағы жанашырлығын байқалады. Әшімбек төрт жыл бойы қызыл жендеттердің қолына түспей, «қашқын» да атанды. Ақыры 1932 жылы Балқаш ауданының белсенділері Әшімбекті қызылдарға ұстап берді. Қашан, кімдер соттады? Оған қандай жаза қолданылды? Бұл сауалдарға жауапты мұрағат құжаттарынан іздестіргеніммен қолға ілігер нақты дерек табылмады. (Барлық құпия ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің мұрағатында сақтаулы. Оның есігі кәсіби тарихшы-ғалымдарға болмаса, біз сияқты ізденушілерге әзірше «Совершенно секретно» деген грифпен жабық түр. З.Ә.).

Әшімбектің ұрпақтары жайлы іздестіре бастағанымда, «Базарлар ұрпақтары» қорының төрағасы Ерлан Махсұмұлы Жамбыл облысы Мойынқұм ауданында тұратын Беймбетов Сайлаухан Әміреқұлұлының телефон нөмірін беріп тұрып: «Ол кісі Әшімбектің ұлы Сайлаубек ағамен кездесіп әңгімелескен екен. Өзіңіз хабарла-

# ҚУҒЫН – СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ОЙШЫ МАЙАСАРҰЛЫНЫҢ ӘУЛЕТІ



**Солдан оңға қарай Әшімбек Ойшыұлының немерелері Куляра, Мәди, Зейнеп**

сып, әңгімелесе жатарсыз» деген еді. Сайлаухан Беймбетовке қоңырау шалғанымда, іздеген жоғымның жібін тапқандай әрі-сәрі күйден арыла алмадым. Сәкең тарихи мағлұматтарды, шежірелерді жинақтап, ел игілігіне жаратып, келер ұрпаққа аманаттап, 2014 жылы «Ұлы Түрік тарихы» кітабының шығуына демеушілік көрсетсе, 2019 жылы «Жалайыр Қайшылы» шежіре кітабының құрастырушысы ретінде қайырымдылық жұмыстармен айналысқан абыройлы ақсақалдың бірі болып шықты. Таныстықтан басталған әңгімемізге әу бастан қамшы салдырмай біраз жайтты ақтарғанда, олжама олжа қосылып іздеген соқпағымның сүрлеуіне түскендей әсерде қалдырып еді.

«1986 жылы Балқаш қаласындағы ет комбинатына мал апарып жүргенде, Сәуле деген технолог қызбен танысып, Әшімбек жайлы айтқан әңгімемді әкесіне айтып барған екен. Оған себеп Тілеуқабыл Қонақбайұлы Әшімбектің қайынағасы 1931 жылы ұсталып, 67 жасында атылып кетті.

Үйіне барып танысқанымда, Әшімбектің ұлы өзін Сайлау Бертаев деп таныстырды. Бұл кезде оның құлағы мүкіс естіп, көз жанары семе бастаған кезі еді. Сондағы бір әңгімесінде: «1941 жылы Гитлер Совет одағына соғыс ашпағанда, мен сияқты адамдардың тұқымдары мүлдем құрып кетер еді. Соғыстың басталғанына қуанғандардың бірі болдым, - деп бұл сөзді құлағымға сыбырлап қана айтты.

Келер жолы Балқаш ауданынан

шыққан жазушы Бек Тоғысбаевтың «От пен күл» деген кітабын өзіммен бірге ала бардым. Сонда ол: «Мұны маған кім оқып береді? Қыздарым орысшалыс, қазақшадан орысшалары жүйрік. Ренжімесең сен оқы, мен тыңдайын» деп қолқа салды.

Кітап кейіпкерлерінің аты-жөндері ауыстырылып алынғанына қарамастан болған оқиғаны білетіндігін сөз саптасынан білдіріп отырды. Екі иығы селкілдеп, жылағанын көргенде не дерімді білмедім», - деп Сайлаубек Әшімбекұлының ғасыр көмбесінде жатқан алтынды қолыма ұстатқандай сүйінші хабарды жеткізген еді.

«Соғыстың басталғанына қуанғандардың бірі болдым» деген Сайлаудың айтқан әңгімесінен бері 40 жыл уақыт өтіпті. Ол кезде айтуға мүлдем тиым салынған болса, еліміз тәуелсіздік алғаннан бері оның қатпарлы құпиялары толық болмаса да ашық жариялана бастады. Соның бірі Abai.kz сайтында жарық көрген «Соғыс болмағанда қазақ халқы жойылып кетер еді» деген мақалада келтірген деректер айқындап, Сайлаубек қарияның қуану себебінің астарын кімкімге болса да дәлелдей түскендей.

1879 жылғы санақта қазақтар 5 млн. болса, арада 60 жыл өткен соң 1939 жылғы санақта қазақтар 2 млн. 300 мың болды. Яғни, екі есе азайды. 60 жылда қазақтар миллиондаған адамынан айрылған. Осы екі санақ арасында орыстар - 30, өзбектер-24, қырғыздар-16 пайызға көбейсе, қазақтар-22 пайызға кеміген екен.

1941-1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғысқа Қазақстаннан

1 млн. 400 мыңдай адам майданға аттанды. «National digital history of Kazakhstan» интернет порталының мәліметі бойынша, соғыстан оралмаған қазақстандықтардың саны 601 мыңға жетсе, оның 350 мыңнан астамы қазақтар болды. Салыстырмалы түрде алдыңғы зұлматтарға қарағанда қазақ қырғыны бірнеше есеге азайған деуге болады. Алдыңғы нәубеттерден айырмашылығы қазақ бұл соғыста «бұратана халық», «халық жауы» ретінде емес, «отан қорғау» жолында опат болдыға саналды. Өздерін қырғынға ұшыратқан қызыл үкіметті (амалсыздан) қорғаса да, бұл соғыста қазақ жауынгер халық екенін мойындата білді.

Бұл төрт жылда Сталин қазақты жою саясатын бір сәтке бәсеңдетіп, бар күшін Гитлерге бағыттады. Өзі жаншып келген «бұратана» халықтардың арқасында Сталин жеңіске жетіп, бүкіл адамзат фашизмнен аман қалды. Соғыстан кейінгі 1946-1953 жылдары да мыңдаған қазақ зиялылары қуғын-сүргінге ұшырағаны белгілі. Алайда қарқыны соғысқа дейінгідей болмады. Сонымен 1941 жылы Гитлер қанды балақ Кеңес Үкіметіне соғыс ашпағанда қазақ қырғыны қарқынды жалғаса берер еді. 1879 жылдан 1939 жылға дейін 60 жылдың ішінде жартысы қырылған қазақтың, 1953 жылы Сталин өлгенге дейін, қалған жартысы жер бетінен мүлдем жойылар еді. Соғыстың басталуымен Сталин қазақ халқын жаппай қыру саясатын тоқтатып, бар күшін соғысқа жұмсады. Соғыс аяқталған жылдан 1953 жылға дейін

де негізгі күшін соғыс зардаптарын жоюға жұмсады. (Қалдыбай Қыдырбаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының доценті).

Тарихымыздың тереңіне үңілгенде, Сайлаубек Әшімбекұлының жоғарыда айтқан әңгімесіндегі ащы шындықты, еліміз бастан кешкен сан тарау соқтықпалы жолдардың қиян-кескі, тауқыметі мол жылдар еске түседі. Сондай ауыр кезеңдердің қатарында 1928-1953 жылдардағы қазақ елінің есінен кетпейтін қуғын-сүргін қасіреті бар. Осы жылдар аралығындағы өткен оқиғалардың тізбегінде, нақақтан нақақ нәубет-зауалды басынан кешіріп, жазықсыз жалалы болған сан алуан адам тағдыры мен адам өмірі көз алдымызға келеді.

«Жер бетінде арыма айырбастап алар асылымды, қолыма су құюға жармайтын әлдекім рәсуаласа, оның күйігінен, оның өкінішінен ауыр не бар...» - деп, жазушы Оралхан Бөкей жазғаны секілді, талай тектінің ырыздығы мен ырысын, бағы мен басындағы дәулетін шолақ белсенділердің күнін оңынан, айын алдынан тудырған кезең құйынға буынған күлдей шашқаны күллі даланың іргелі иелерінің қасіретіне айналып кеткен болатын.

Балқаш өңірінде тәркілеуге жаппай жататындай байлыққа кенеліп, көп жалшы ұстаған байлар болмаған. Тек қана Ойшы Майасарұлы сияқты бірен-саран малы көп адамдар болмаса, қалған бай дегендердің өзі орта шаруалардың қатарында малдары бар, қысы-жазы малмен бірге көшіп-қонып жүргендер санатынан болатын. Егер сол кезеңде тірі болғанда кәмпеске қасабынан Ойшы да құтыла алмайтын еді. Ал, оның балалары алғашқылардың бірі болып тәркілеуге ұшырап, қамауға алынды, итжеккенге айдалып, ең соңында із-түзсіз жоқ болды. Олардың малын кәмпескелеумен бірге шолақ белсенділер үй-мүлкін, киім-кешектерін, азық-түліктерін де тартып алды. Соңында қалған бала-шағасының тағдыры белсенділерді тіпті ойландырмады. Бас иелері қуғынға ұшыраған соң мал да, дүние-мүлік те ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кете барды.

Құйындай соққан нәубеттен аман қалу үшін Ойшының кейбір балалары ата-тегін ауыстыруға мәжбүр болса, енді бірі іргелес облыстар мен аудандарға қоныс аударды. Отызыншы жылы жеткен ақсүйек ашаршылықтан тірі қалған балаларын Кеңес өкіметі мектепте оқуына тиым салды. Қоғамнан шектетіп «халық жауының баласы», «халық жауының әйелі» деп айдар тақты. «Бай баласы» деген таңбамен мектептен сауатын ашқандары жоғарғы оқу орындарына түсерде, қызметте көтерілерде үнемі кедергілерге жолығып отырды. Компартияға мүше болу есігі олар үшін жабық еді.

Ойшы Майасарұлы алты рет некелі болған. Алты әйелінен 14 ұл, 19 қыз сүйген деседі ел аузындағы әңгімеде. Бүгінгі таңда солардың біразынан ғана тараған ұрпақ бар.

Әшімбектен – Балғын, Сайлаубек. Сайлаубектен – Зағира (1938), Зейнеп (1944), Куляра (1947), Мәди (1950). Мәдиден-Бәтима, Асхат. Асхаттан – Абылай, Амир.

Ата-тегін ауыстыруға мәжбүр болған Бертаев Сайлаубек 1909 жылы Жетісу облысы, Қапал уезі Іле-Балқаш болыстығының 6 ауылында Ойшы Майасарұлы дүниеден өткен жылы Әшімбектің отбасында дүниеге келген. Кәмпеске басталып, әкесі Әшімбектің басына зобалаң күн туғанда тегін жақын ағайы Бертайдың атына ауыстырып, Шығыс Қазақстан облысы Зырян қаласына барып бас сауғалауына тура келеді. 1933-1935 жылдары Қызыл Армияның 50-ші атқыштар полкінде әскери қызметін атқарып келгеннен кейін қуғын-сүргіннен сақтанып, Қарағанды облысының Балқаш қаласындағы мыс қорыту зауытына жұмысқа орналасып, сонда тұрақтап қалады. 1941 жылы 24 маусымда әскер қатарына шақырылып, бұл жолы 1291 атқыштар полкінің құрамында аға сержант шенінде взвод командирінің көмекшісі болып соғыстағы жорық жолдары бастайды. 1943 жылы Сталинград түбінде болған шайқаста жамбасынан ауыр жараланып, госпиталь дәрігерлерінің қорытындысымен елге қайтарылған.

1945 жылдан 1971 жылы зейнеткерлікке шыққанша, Балқаш мыс балқыту комбинатында машинист-оператор болып еңбек еткен. Зайыбы Әтіш Диқанбайқызы екеуі-Зағира, Зейнеп, Куляра, Мәди, Сәуле атты бес бала тәрбиелеп өсірген.

1990 жылы Қарағанды облысы, Балқаш қаласында өмірден қайтты.

Зағира Сайлаубекқызы 1938 жылы 22 маусымда Қарағанды облысы Балқаш қаласында дүниеге келген. Сондағы Абай атындағы орта мектепте оқып, тұрмысқа шыққаннан кейін үй шаруашылығымен айналысқан. Жұбайы Рахметолла Әбжапаров екеуі-Бейбіт, Күләйла, Ирина, Ержан, Марина есімді балаларын тәрбиелеп өсірді. Қазіргі кезде Жамбыл облысы, Мерке ауданының Ақжал руднигінде тұрады.

Зейнеп Сайлаубекқызы 1944 жылы 6 қарашада Балқаш қаласында туған. 1977 жылы Семей ет-сүт өнеркәсібі технологиялық институтының «технология» факультетін тәмамдап, «Казахкабель» зауытында технолог болып жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан. Жұбайы Роллан Мұқышұлы екеуі Алишер, Баян, Әлия есімді перзенттерінен немере-шөбере сүйіп отыр. Алматы қаласында тұрады.

Куляра Сайлаубекқызы 1947 жылы 14 маусымда Балқаш қаласында туған. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының физика-математика факультетін 1970 жылы бітіріп, Қазақ КСР Ғылым академиясының тау-кен институтында ғылыми қызметкер болып зейнеткерлікке шыққанша қызмет атқарды. Техника ғылымдарының кандидаты. Жұбайы Жақсылық Бектемісов Қазақ КСР Министрлер Кеңесінде референт болып қызмет атқарған. Әсел есімді қызынан жиен немерелері бар. Алматы қаласында тұрады.

Мәди Сайлаубекұлы 1950 жылы 20 тамызда Балқаш қаласында туған. 1975 жылы Алматы қаласындағы Ленин атындағы политехникалық институтының «инженер-металлург» факультетіне оқуға түсіп, 1981 жылы бітірген. 1981 жылы Балқаш мыс балқыту комбинатында кептіруші, 1982 жылы ауысым шебері, 1983-1985 жылдары учаске бастығы, 1985-1986 жылдары комбинат диспетчері, 1986-2005 жылдары күкірт қышқылы цехында учаске бастығы, 2005-2013 жылдары автоматика цехында бас техникалық жетекші болып жұмыс істеді. 2013 жылдан бері зейнетте. Алматы қаласында тұрады.

Сәуле Сайлаубекқызы 1956 жылы 11 шілдеде Балқаш қаласында туған. 1973 жылы Семей ет-сүт өнеркәсібі технологиялық институтына түсіп, 1978 жылы тәмамдаған. 1978-2000 жылдары Балқаш мыс балқыту комбинатында, Балқаш қаласындағы ет комбинатында технолог, 2001-2019 жылдары комбинаттың коммуналдық бөлімінің әкімшісі болып еңбек етті. Балқаш қаласында тұрады.

Көбес пен Бекежанның ұрпақтары туралы мәлімет жоқ.

Сүлейменнен - Сая

Екінші тоқалынан - Қасымбек. Одан тараған ұрпақ туралы дерек жоқ.

Үшінші тоқалынан - Сыздықбек, Өзбек.

Сыздықбектен - Ақашбек. Ақашбектен-Ғылымкүл, Білімкүл, Нұрлыгүл, Жомарт.

Ғылымкүл Ақашбекқызы 1941 жылы 5 наурызда Алматы облысы, Балқаш ауданы Құйған ауылында дүниеге келген. 1959 жылдан 1962 жылдың маусым айына дейін Н.Бозжанов атындағы орта мектебінде бастауыш класс мұғалімі болып жұмыс істеді. 1962-1967 жылдары 1967 жылы Абай атындағы педагогикалық институтының жаратылыстану факультетінің химия-биология бөлімінде оқыған. Институтты бітіргеннен кейін 1976 жылға дейін Мыңарал орта мектебінде, одан кейін Құйған ауылындағы Н.Бозжанов атындағы орта мектебінде химия және биология пәні мұғалімі болып зейнеткерлікке шыққанша абыройлы еңбек етті. 1980 жылы «КСРО ағарту ісінің үздігі» медалімен марапатталған.

Жұбайы Бейісбай Нұрмағанбетұлы Байсалбаев екеуі 5 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Олардан 20 немере, 16 шөбере сүйді.

2024 жылы 29 ақпанда дүниеден қайтты.

Төртінші тоқалынан - Әбдірахмен, Жорабек, Қалалбек.

Әбдірахманнан - Әдипа.

Жорабектен дерек жоқ.

Дүйсенбаев Қалалбек 1912 жылы Жетісу облысы, Қапал уезі Іле-Балқаш болыстығының қазіргі Жиделі ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын атакәсіпке арнаған. Кәмпеске басталып, Ойшының әулетінің басына аласапыран қым-қуыт зобалаң күн туғанда, ата-тегін жақын ағайыны Дүйсенбайдың атына ауыстырып, бас сауғалауына тура келген.

1960 жылы Жиделі ауылында дүниеден озды.

Қалалбектен - Дина (1947) Ермұқан (Рәтбек) (1949), Рәткүл (1957), Зина (1959), Серік (1964).

Дина-Нұрлыхан Жұмагелдиев екеуінен-Қымбат, Шәрбат, Асқат, Гүлназ, Жанар, Талғат, Рауан.

Рәтбек-Күнсұлу Мақатова екеуінен - Қайнар, Айнұр, Эльвира, Анар, Арай.

Рәткүл-Серік Сабанбаев екеуінен - Ержан, Аида.

Зина-Ермек Оспанов екеуінен - Әнел, Зарина, Ақерке, Назерке.

Серіктен-Қайсар, Мақпал, Фани.

Ойшының кіші тоқалы Сақыптан - Қуатбек. Одан тараған ұрпақ жайлы дерек кезікпеді.

Ойшының ұлдары Бертай, Елеусіз, Көбес, Бекежан, Қасымбек, Өзбек, Әбдірахман, Жорабек, Қуатбек туралы нақты деректердің табылмау себебі олар кәмпескеге ілігіп, жер аударылып сол жақтан қайтпай қалуы немесе ақсүйек ашаршылық жылдардың құрбандары болып кетуі мүмкін деп сырттай болжам ғана жасауға болады.

Ойшының әкесі Майасардың балалары да сүргін соқпағынан құтыла алмады.

Майасардың екінші ұлы Жылқышыдан – Асылбек, Сайлаубай.

Асылбек Жылқышыұлы заң саласы бойынша білім алған. Баласы Ілиясты да осы салада оқытқан. Байдың тұқымы деп екеуі де қуғын-сүргінге ұшырайды. Олар қуғыннан аман қалу үшін Балқаш қаласына көшіп барып, жансауғалайды.

Асылбектен – Икаят, Ілияс.

Ілиястан – Жәңгір, Амангер.

Асылбеков Жәңгір Ілиясұлы 20.12.1937 жылы Қарағанды облысы, Балқаш қаласында дүниеге келді. 1958 жылы Балқаш тау-кен комбинатында электровоз-машинисті болып еңбек жолын бастаған. 1964 жылы Қарағанды политехникалық институтының кешкі бөліміне оқуға түсіп, 1970 жылы институтты бітіріп, Балқаш қаласындағы кен-металлургия комбинатының Саяқ руднигіне партия ұйымының хатшысы болып сайланады. 1972 жылы «Қазақ КСР-нің кеншісі» атағын алады. Сол жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған. 1975 жылы директордың орынбасары болып тағайындалып, 1982 жылы Үлкен кен байыту фабрикасына директордың орынбасары қызметін тқарып, сол жерден зейнетке шыққан. 2018 жылы 15 маусымда өмірден қайтты.

Жәңгірден - Тәуке. Тәукеден - Болатхан. Болатханның қыздары Сәуле мен Арина Алматы қаласында тұрады.

Ілиясов Амангер 1941 жылы дүниеге келген. 1972 жылы Мәскеу политехникалық институтын тәмамдаған. 1983 жылы металлургиялық зауытта бас директор болып қызмет атқарған.

1991 жылы қайтыс болды.

Амангерден - Аманжол. Аманжолдан-Нұржан.

Сайлаубай Жылқышыұлы 1909 жылы Жетісу облысы, Қапал уезі Іле-Балқаш болыстығының, қазіргі Қараой ауылында дүниеге келген. «Қараой»

**Соңы. Басы 7-бетте.**

совхозының 1-ші фермасында 40 жылға жуық шопан болып еңбек етті. Баян Байтажиевамен отау құрып, 7 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірген. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып 1995 жылы 86 жасында өмірден озды.

Сайлаубайдан - Бердалы. Бердалыдан - Мұхтар, Айбар, Айдар, Елнар.

Мұхтардан - Елнұр. Айдардан - Нұрдос, Ернар.

Сайлаубайдың ұрпағы Балқаш ауданының аумағында тұрады.

Майасардың үшінші ұлы Қопақ ел билеу ісіне ерте араласқан. 1896 жылы Оңтүстік Балқаш болыстығынан Іле-Балқаш болыстығын бөліп алу жөніндегі бастамашы топтың қатарында белсене қызмет атқарған азаматтың бірі. Іле-Балқаш болыстығы құрылғанда, №8 ауылдан 1897, 1900, 1906 жылдары қатарынан үш мәрте би болып сайланған.

Қопақтан – Омарбек, одан – Жанат. Жанаттан-Қуаныш, Қуантай, Қыдырғали, Дәурен.

# ҚУҒЫН – СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ОЙШЫ МАЙАСАРҰЛЫНЫҢ ӘУЛЕТІ

Жанат Омарбекұлы 1942 жылы 20 мамырда Балқаш ауданының «Калинин» колхозында дүниеге келген. Балалық шағы Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты еңбекке ерте араласуына тура келеді. Жетіжылдық білім алып, одан кейін зейнетке шыққанша 2-ші фермада бақташы болып абыройлы еңбек етті. 1958 жылы Қатышкүл Үсенбайқызымен шаңырақ көтеріп, қанатын кеңге жайған отбасы иесі атанды. 8 ұл мен 1 қыз тәрбиеледі. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды, немере-шөбере сүйді.

2021 жылы 14 наурызда 79 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

**ТҮЙІН:**

**Ойшы Майасарұлы балаларына «Үлкендердің батасын алып,**

**ризалық құрмет көрсетіндер. Бұл дүние-бір керуен сарай. Алғы тізбек ұзап кеткенде, соңғылары соған қарайды деп, байлықтарыңды мақтауға, ата-даңқтарыңды қалыптастыруға құмартпаңдар. Өз перзенттеріңнің ақылшысы, демеушісі, одан кейінгі ұрпақтарыңның тәлімгері, қамқоршысы, өнеге-үлгі тұтатын әкесі болуды ерте бастан ойлап, оны жүзеге асыра бастаңдар» деп ақылын айтып, артына өсиет қалдырыпты.**

**Бірақ оның өсиетін қуғын-сүргінге ұшыраған балаларының бірде-біреуі жүзеге асыра алмады. Асырмақ түгілі зұлмат саясаттың диірменінде туралып, запыраны мол зұлмат жылдардың зау-**

**лынан әбден ығыр болғандықтан, Балқаш ауданына көшіп келуге қорықты. Туған-туыстарымен араласып, қарым-қатынас жасап жүрмегеннен кейін бір-бірімен байланыстары үзіліп, жылдар өткен сайын көмескілене берді. Күні бүгінге дейін Ойшының әулетінен тірі қалған ұрпақтың айтар мәліметтері тым жұтаң әрі мардымсыз болуы да сондықтан. Біз соның жинақтаған біразын ғана қағаз бетіне түсіруге тырыстық.**

**Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ,**

*Қонаев қаласының Құрметті азаматы, өлкетанушы, Қазақ журналистикасының қайраткері*

## ҚОНАЕВ ГАРНИЗОНЫНДА ҚЫСҚЫ ОҚУ КЕЗЕҢІ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ БАСТАЛДЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНДЕ ЖАҢА – ҚЫСҚЫ ОҚУ КЕЗЕҢІ РЕСМИ ТҮРДЕ БАСТАЛДЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ ҚОНАЕВ ГАРНИЗОНЫНДА ОРНАЛАСҚАН 32363 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНДЕ САЛТАНАТТЫ САП ТҮЗЕУ ӨТТІ. ІС-ШАРАҒА БӨЛІМ КОМАНДОВАНИЕ-СІ, ОФИЦЕРЛЕР, СЕРЖАНТТАР, МЕРЗІМДІ ҚЫЗМЕТТЕГІ САРБАЗДАР ЖӘНЕ ГАРНИЗОН БАСШЫЛЫҒЫ ҚАТЫСТЫ.**

Салтанатты митингіні әскери бөлім командирі, гвардия полковнигі Бейбіт Аманғалиев ашып, жеке құрамды жаңа оқу кезеңінің басталуымен құттықтады. Ол еліміздің Қорғаныс министрінің 2026 жылға арналған стратегиялық бағыттарын ерекше атап өтіп, бұл тапсырмаларды сапалы орындау әрбір әскери қызметшінің борышы екенін жеткізді.

Полковник Аманғалиевтің айтуынша, биылғы қысқы кезеңнің басты міндеттері:

- Қарулы Күштердің жоғары жауынгерлік әзірлігін тұрақты деңгейде ұстау;

- бөлімдердің жауынгерлік қабілетін арттыру және заманауи талаптарға бейімдеу;

- жеке құрамның моральдық-психологиялық тұрақтылығын нығайту;

- кадрлық саясатты тиімді жүргізу және әскери білім беру жүйесін жаңғырту;

- стратегиялық бағыттар бойынша арнайы тапсырмаларды орындауға әзір болу.

Командир әскери қызметшілерге жауапкершілік пен тәртіптің маңызын ерекше атап, әрбір жауынгердің кәсіби деңгейі мен жеке дайындығы Қарулы Күштердің жауынгерлік дайындық деңгейіне тікелей әсер ететінін айтты.

Салтанатты жиын барысында бригада басшылығы қызметтік міндеттерін адал орындап, жоғары нәтижелер көрсеткен офицерлер, сержанттар

және мерзімді қызмет әскери қызметшілерін арнайы атап өтті. Үздік әскери қызметшілерге құрмет грамоталары, естелік сыйлықтар және алғыс хаттар табысталды.

Марапатталған сарбаздар қысқы оқу кезеңінде жоғары тәртіп пен үлгілі қызмет көрсетудің жарқын үлгісі болуға уәде берді.

Әскери бөлімдер үшін қысқы кезең – тактикалық, дене және жауынгерлік дайындықтың ең қарқынды мерзімдерінің бірі. Дәстүр бойынша дайындық мамандықтар бойынша жеке оқытудан басталып, кейін бөлімше, взвод, рота және батальон деңгейлеріндегі жаттығулармен жалғасады.

32363 әскери бөлімінде:

- әскери техниканы қысқы режимге дайындау,

- атыс даярлығы,

- тактикалық сабақтар,

- саптық дайындық,

- байланыс құралдарымен жұмыс,

- командирлік-басқарушылық жаттығулар жоспарға сай кезең-кезеңімен ұйымдастырылады.

Бөлім басшылығының айтуынша, қысқы кезеңде әскери қызметшілердің төзімділігі, ептілігі, жылдам шешім қабылдау қабілеті мен бірлесіп әрекет ету дағдылары ерекше шыңдалады.

Қысқы оқу кезеңінің басталуы – Қарулы Күштер жүйесіндегі жоспарлы әрі стратегиялық маңызы зор шара. Бұл – мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді



дайындық жұмыстарының маңызды бөлігі.

«Қазіргі кезеңде әлемдегі қауіпсіздік ахуалы күрделі. Сондықтан Қазақстан армиясы әрдайым жоғары дайындықта болуы тиіс. Біздің басты міндетіміз – Отанды қорғауға дайын кәсіби, тәртіпті және моральдық тұрғыдан мықты әскер қалыптастыру», – деді гвардия полковнигі Бейбіт Аманғалиев.

Қонаев гарнизонында өткен салтанатты шара жаңа оқу кезеңінің ресми басталғанын білдіреді. Алдағы айларда әскери қызметшілер тактикалық, жауынгерлік және техникалық дайындықтың түрлі бағыттары бойынша қарқынды жаттығуларға қатысып, өз шеберліктерін одан әрі шыңдайды.

**Аян ҚОНАРОВ**

# ВАКЦИНА НЕ ҮШІН КЕРЕК?

Вакцина – жұқпалы аурулардың алдын алудың ең тиімді, ғылыми дәлелденген әдісі. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, профилактикалық екпелер адамды көптеген қауіпті инфекциялардан сақтап қана қоймай, қоғамда аурудың таралуын тежейді.

1. Вакцина иммунитет қалыптастырады

Вакцина құрамындағы әлсіретілген немесе инактивтелген микроорганизмдер ағзаға енгізілгенде, иммундық жүйе оларды таниды да, қорғаныс антиденелерін түзеді. Нәтижесінде адам кейін сол инфекциямен кездессе, ағза дайын иммунитеттің арқасында ауруды қабылдамайды немесе жеңіл өткізеді.

2. Қауіпті аурулардан қорғайды

Вакцинаның арқасында бұрын кең таралған көкжөтел, дифтерия, қызылша, полиомиелит, сіреспе сияқты аурулар азайды. Бұл инфекциялар екпесіз жағдайда ауыр асқынулар мен өлімге әкелуі мүмкін.

3. Ұжымдық иммунитет қалыптастырады

Халықтың 95%-ы вакцинацияланған кезде инфекцияның таралуы тоқтап, екпе ала алмайтын топтар – жас сәбилер, жүкті әйелдер, иммундық жүйесі

әлсіз адамдар қорғалады. Бұл – бүкіл қоғам үшін аса маңызды.

4. Аурудың асқынуы мен шығынын азайтады

Вакцина адамның денсаулығын сақтап қана қоймай, ауруханаға жату, емделу шығындарын азайтады. Ең бастысы – еңбекке қабілеттілікті сақтау арқылы әлеуметтік-экономикалық пайда береді.

5. Эпидемияның алдын алады

Тұрақты вакцинация жүргізілген елдерде инфекциялық аурулар сирек кездеседі, эпидемиялық жағдай тұрақты болады. Бұл қадам балалардың, мұғалімдердің, медицина қызметкерлерінің және жалпы халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Вакцина – адамзаттың ең үлкен ғылыми жаңалығының бірі. Ол өмірді сақтайды, қауіпті аурулардың алдын алады және болашақ ұрпақтың денсаулығын қорғауға мүмкіндік береді. Сондықтан профилактикалық екпелерді уақытылы алу – әрбір азаматтың өз денсаулығына және қоғамға деген жауапкершілігі.

**Н.МЕДЕТОВ,**

*«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы*

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет рухани мәдениет жүйесінің маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Адам мәдениет субъектісі ретінде еңбек, саяси, этикалық, эстетикалық, адамгершілік және басқа мәдениеттердің жанашыры болып табылады, ол өзара тығыз байланысты, ал әртүрлі үйлесімде кірпияз симбиозды қалыптастырады. Мәдениет жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет айрықша функцияларды орындап, қоғамның белгілі бір тұтастығы мен ұйымшылдығын сақтай отырып, ерекше орын алады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет өз мазмұнына мәдениеттердің барлық қалған түрлерінің элементтерін қамтиды, бұл олардың тұтастығының жалғыз субъектісі ретінде адамның өзінің табиғатымен байланысты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің ерекшелігі мәдениеттердің барлық түрлерімен өзара байланыста ғана емес. Оның мазмұны бірінші кезекте құқық пен адамгершілікті қамтиды. Мәдениеттердің барлық түрлері арасындағы диалог олардың арасындағы тығыз байланыстың барын белгілейді, олардың өзара толықтырушы рөлін атап өтіп, күшейтеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білу қабілеті. Осындай адамның мазмұны құқықтық мәдениет болып табылатыны маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл жаппай сана және оның жекелеген элементтері емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – сыбайлас жемқорлықты қабылдамау негізінде жататын осы жүйемен тіпті сәйкес келмейтін құндылықтар жүйесі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – адамгершілік пен азғындық (орынды және орынсыз, мейірімділік пен зұлымдық, пайдалы және пайдасыз), құқықтық және құқықтық емес, ақылды және ақымақтық, тамаша және бейберекет призмасы арқылы адами қатынастар әлеміне көзқарас. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет адамның жоғары моральдық, құқықтық, саяси және басқа мәдениеттер негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білу қабілетін білдіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қазіргі уақытта шынайы қажетті құбылыс мәртебесін иеленеді, оны әлеуметтендіру процесінде қоғамның барлық әрекетке қабілетті мүшелері игеруі тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің міндеті – сыбайлас жемқорлыққа нәлдік төзімділікті білім алушы жастардың азаматтық позициясы ретінде бекіту, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға берік иммунитетті нықтау, оларды жария түрде жоққа шығару болып табылады.

**Бағдат Уалиевич КАЛИЖАНОВ,**

*Алматы облысы бойынша қазынашылық Департаментінің басшы*

## РАЗЪЯСНЕНИЯ ПО СОБЛЮДЕНИЮ ПРАВИЛ РЫБОЛОВСТВА

Действие настоящих Правил рыболовства Утвержденным приказом исполняющего обязанности Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 27 февраля 2015 года № 18-04/148 распространяется на все рыбохозяйственные водоемы и (или) участки Республики Казахстан (реки, приравненные к ним каналы, придаточные водоемы, разливы, озера, водно-болотные угодья, водохранилища, плотины, пруды и другие внутренние водоемы, территориальные воды), а также морские воды, которые используются для лова, разведения и выращивания рыбных ресурсов и других водных животных и имеют значение для воспроизводства их запасов, кроме водоемов, используемых для искусственного выращивания рыб и других водных животных.

### В СООТВЕТСТВИИ С ПУНКТОМ 5 СТАТЬИ 39 ЗАКОНА РЫБОЛОВСТВО НЕ ДОПУСКАЕТСЯ:

- 1) у плотин, шлюзов и мостов, на протоках, соединяющих озера между собой и основной рекой, подводящих каналах и отводах мелиоративных систем, на расстоянии ближе 500 метров перед устьями рек и каналов в обе стороны от их впадения и на расстоянии ближе 500 метров вглубь водоема, а также на расстоянии 1500 метров вверх по реке и каналу;
  - 2) орудиями лова, применение которых не предусмотрено настоящими Правилами рыболовства;
  - 3) в зимовальных ямах в зимний период, на нерестилищах во время нереста и иных участках в сроки и местах, устанавливаемых уполномоченным органом на основании биологического обоснования, выданного соответствующими научными организациями, подлежащего государственной экологической экспертизе;
  - 4) плавучими средствами, не зарегистрированными и не обозначенными регистрационными номерами в порядке, установленном Законом Республики Казахстан от 6 июля 2004 года «О внутреннем водном транспорте»;
  - 5) орудиями лова промыслового рыболовства без бирок с указанием названия организации и параметров орудий лова согласно разрешению на пользование животным миром;
  - 6) ставными орудиями лова для добычи осетровых в море и реках;
  - 7) в состоянии алкогольного или наркотического опьянения или интоксикации иного типа;
  - 8) способами, которые не допускаются настоящими Правилами рыболовства, ограничениями и запретами;
  - 9) с занятием орудиями лова более двух третей ширины реки или протоки;
  - 10) с установкой ставных орудий лова в шахматном порядке, венгерей и секретов в радиусе пятисот метров от устья рек и стоков, впадающих каналов;
  - 11) на расстоянии ближе, чем пятьсот метров у плотин, шлюзов и мостов при осуществлении промыслового рыболовства;
  - 12) в местах концентрации и на путях миграции рыбных ресурсов и других водных животных в период их размножения, в местах и в сроки, устанавливаемые уполномоченным органом на основании биологического обоснования, выданного соответствующими научными организациями, подлежащего государственной экологической экспертизе;
  - 13) с применением взрывных устройств, химических и ядовитых веществ, а также огнестрельного оружия;
  - 14) с применением видов орудий и способов рыболовства, не включенных в перечень, без разрешения уполномоченного органа.
- За нарушение Правила рыболовства к нарушителям действующего природоохранного законодательства предусмотрены меры ответственности.

**А.З.Талипов,**

*Главный специалист РГУ «Балхаш-Алакольской межобластной бассейновой инспекции рыбного хозяйства»*

1 «Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату» тақырыбына қоғамдық тыңдау  
2. Әсер ету аумағы: Алматы обл., Алатау қ., өнеркәсіптік аймақ, №137/1 «Арна» учаскесі  
3. Қоғамдық талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдаулар 17.12.2025 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде өтеді.  
Интернет ресурстары: [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz)  
4. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Др. Реддис Лабораторис Казахстан» ЖШС  
Өкілі: Ким Евгения Викторовна  
Байланыс телефоны: 8 747 500 40 30  
5. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі материалдар сайтта орналастырылған: [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) және «Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы»ММ  
6. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай мен нөмір бойынша танысуға болады: Алматы қаласы, Тимирязев к-сі 28 В, 905 кеңсе, 6, тел: 8 747 5004030  
7. Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) және электрондық поштаға [gkp\\_proekt@mail.ru](mailto:gkp_proekt@mail.ru)

1 Общественные слушания на тему «Утилизация медицинских отходов»  
2. Территория воздействия: Алматинская обл., г. Алатау, промышленная зона, участок «Арна» №137/1  
3.Общественные слушания в форме публичный обсуждений состоятся в период с 17.12.2025 г. в течении 10-ти рабочих дней.  
Интернет ресурсы: [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz)  
4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Др. Реддис Лабораторис Казахстан»  
Представитель: Ким Евгения Викторовна  
Контакты: тел.8 747 500 40 30  
5.Материалы по утилизации медицинских отходов размещены на сайте: [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) и ГУ «Управление природных ресурсов и регулирование природопользования Алматинской области»  
6. Дополнительную информацию по материалам утилизации медицинских отходов можно ознакомиться по адресу и номеру: г. Алматы, ул. Тимирязева 28 В, офис 905, тел: 8 747 5004030  
7. Замечания и предложения принимаются: по ссылке [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) и на электронную почту [gkp\\_proekt@mail.ru](mailto:gkp_proekt@mail.ru)

Ввиду открытия наследства после смерти гражданки Республики Казахстан ЛУШНИКОВОЙ ВАЛЕНТИНЫ ЕМЕНОВНЫ, умершей второго октября две тысячи двадцать пятого года, наследникам обращаться к нотариусу Бахтияровой А.С., по адресу: город Қонаев, 4-ый микрорайон, дом 30, справки по телефону 87017887058

Открыто наследственное дело после смерти гражданки Павлюченко Ларисы Алексеевны, умершей 06.08.2025 года. Наследников прошу обратиться к нотариусу Вишневской Светлане Владимировне по адресу: Алматинская область, город Қонаев, микрорайон 1, участок № 35/1 (рядом с ЦОНОм), телефон 87772450185

Ввиду открытия наследства после смерти гражданки Масимовой Ырысали умершей 27.08.2025 года, просим всех наследников обращаться к нотариусу Уразбаеву Алмасу Хамидуллаевичу по адресу: г. Қонаев, 1 мкр., дом 13 или по телефону: 87772567807

Ввиду открытия наследства после смерти гражданки РАХМАТОВОЙ ЕЛЕНА ЛЕОНИДОВНЫ, умершей третьего ноября две тысячи двадцать пятого года, наследникам обращаться к нотариусу Бахтияровой А.С., по адресу: город Қонаев, 4-ый микрорайон, дом 30, справки по телефону 87017887058

# САҒЫНЫШҚА АЙНАЛДЫ АСЫЛ БЕЙНЕ

**БАУЫРЫМ БҰРХАНБАЕВ МҰРАТХАН НҰРҚАСЫМБАЙҰЛЫ 1963 ЖЫЛДЫҢ 3 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛІП, 2024 ЖЫЛДЫҢ 5 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА ҚАПИЯДА ДҮНИЕДЕН ОЗЫП, МӘҢГІЛІК КЕҢІСТІККЕ СІҢІСІП КЕТЕ БАРДЫ. БАЛАДАЙ АҚЖАРҚЫН КЕҢ ПЕЙІЛІМЕН, АҚКӨҢІЛДІГІМЕН БАРША АҒАЙЫН МЕН ТУЫСҚА, ҚҰДА-ЖЕГЖАТҚА, АУЫЛДАСТАРЫНА СЫЙЛАСТЫҒЫ МОЛ БАУЫРЫМЫЗДАН КӨЗ ЖАЗЫП ҚАЛАМЫЗ ДЕГЕН ОЙ ҮШ ҰЙЫҚТАСАҚ ТҮСІМІЗГЕ КІРМЕГЕН ЕДІ. БӘЛКІМ, ӨМІР-ӨТКЕЛДІҢ ЖҰМБАҚТЫҒЫ ДА ОСЫ БОЛАР. «АРПА ІШІНДЕ БІР БИДАЙ» БАУЫРЫМЫЗ ЖЕТІ ҚЫЗДЫҢ ІШІНДЕГІ ҚАРА ШАҢЫРАҚТЫҢ ИЕСІ БОЛАДЫ ДЕГЕН СЕНІММЕН, КҮНДЕГІ ТІРШІЛІКТІҢ КҮЙБЕҢІМЕН ЖҮРЕ БЕРІППІЗ. АЛАЙДА БІР АНАДАН ТУҒАНМЕН, БІРГЕ ЖҮРМЕК ЖОҚ ЕКЕН.**

«Жазмыштан озмыш жоқ» деп өзімізді-өзіміз жұбатқан боламыз. Осыдан бір жыл бұрын жұмыс барысымен алыс іссапарда жүргенде, туған күнін ұялы телефон арқылы құттықтаған едім. Сонда бауырым «Жаңа жылды бірге қарсы аламыз, келіндер» деп еді-ау! Амал қанша, сол сапарынан қайтып оралмады. Ол ата-бабаларының көшіне ілесіп, өмір-өзеннің екінші жағалауына өтіп кете барды. Мақпал қара түн соңғы тілдесуіміздің, соңғы рет дидарлы жүзін көріп тұрғанымыздың куәсі болып қала берді.

Арада жыл өтті. Қаншама мойындағымыз келмегенімен, қалған ғұмыр үзі-

гінде бауырымызды еске алумен ғана өзімізді жұбата алатындығымызға көндіге бастағандаймыз. Өмір заңдылығына қарсы тұрар күш жоқ екен. Енді өткен күннің бәрі сартап сағынышты естеліктерімен көз алдымыздан баяу сырғып өтіп жатыр.

Аяулы бауырым біздің ортамыздан сағым болып ғарыш жаққа жырақтап кетсе де, жүрегіміздің төрінде сол бәз баяғы аңқылдаған, аузын ашса көмейі көрінетін қалпында сақталып қалды.

Ақкөңіл ең қалдырмаған көптің көңілін,  
Ұзақ жолда сапармен өтті әр күнің.

Бейнетіңнің зейнетін көру бұйырмай,  
Мәңгілік сапар, мәңгілік болды мекенің.

Кіреуке мұңның кірбіңі басып жанымыз,  
Сағыныштан сарғайып сынып сағымыз.  
Ұқсас бейне көрінсе ыстық алыстан,  
Құлазып көңіл, ағылар көзден жасымыз.

Жазылмай жүректе әлі жан жарамыз,  
Сағынышпен өзіңді еске аламыз.  
Иманың жолдас, пейіште болсын тұрағың,  
Қабыл болсын оқылған Құран дұғамыз.

Еске алушы: әпкесі  
Назгүл НҰРСЕЙІТ



## ВСЕ РАБОТЫ ХОРОШИ – ВЫБИРАЙ НА ВКУС!

**ЧТО НУЖНО ЛЮБОМУ РАБОЧЕМУ ЧЕЛОВЕКУ? ДОБРОЕ СЛОВО. СЛОВО ИСКРЕННЕЙ БЛАГОДАРНОСТИ ЗА ТРУД, БЕЗ КОТОРОГО ПРОСТО НЕВОЗМОЖНА ЖИЗНЬ НА ЗЕМЛЕ.**



Сколько сегодня показывают телевизионных передач, пишут о тех высокопоставленных чиновниках, которые пекутся только о своём накопительском благополучии и ради этого идут на всё: на подделку документов, на подкупы адвокатов и судей, на насилие вплоть до убийства... Боже мой! Как, как остановить всё это варварство?! И мне хочется вновь и вновь сказать добрые слова в адрес простых рабочих, покоряющих своей добросовестностью, трудолюбием и скромностью.

Да, достаточно было одного обращения к акиму города Асхату Ермековичу Бердыханову, чтобы, наконец (за 10 с лишним лет!) благоустроили наш двор по улице Кунаева 5: заасфальтировали всю площадку, проложили плитками дорожку, сделали козырёк, установили у подъезда красивые лавочки и мусорные контейнеры – двор просто не узнать! Спасибо, многократное спасибо Вам, Асхат Ермекович, за заботу о простых людях. Дай

Бог Вам здоровья! Сил! Любви семейной и общенародной! Успехов во всех благих делах!

А бригада рабочих трудилась на славу! Но особо хочется отметить рабочих Жангудеева Ерлана и Садуакасова Амангельды. Они работали дотемна, стараясь порадовать нас, первостроителей города. И начальник участка Байзаков Асланбек постоянно контролировал работу, постоянно приезжал, и с ним так приятно было общаться, ибо его слова были наполнены искренним человеческим теплом, что так дорого в нашем заплывшем современном мире. Он – интернационалист, болеющий за свою страну, за её настоящее и будущее, он не играет словами – он чувствует и оценивает всё происходящее в мире и верит в торжество человеческого разума на Земле!

Хочется сказать теплые слова и в адрес заместителя директора ГКП «Қонаев Көркейтү» Курманалиева Ертая Кыдыралиевича. Сколько приходилось с ним общаться, он никогда не ссылаясь на свою занятость, всегда спокойно и вдумчиво слушал и тут же старался организовать работу на благо людей.



Думая о таких тружениках, хочется напомнить замечательное по своей мудрости стихотворение Роберта Рождественского, которое не мешало бы знать не только взрослым, но и детям:

Если вы есть, будьте первыми. Первыми – кем бы вы ни были:  
Из песен – лучшими песнями, из книг – настоящими книгами.  
Первыми будьте, и только. Песенными, как моря.  
Лучше второго художника первый маляр.  
Спросите оробело: «Но что же тогда окажется?  
Если все будут первыми, кто пойдёт в замыкающие?»  
А вы трусливых не слушайте! А вы их сдуйте, как пену.  
Примериваясь, попробуйте великую ношу первых.  
Как самое неизбежное, взвалите её на плечи.  
Если вы есть, будьте первыми. Первым трудней и легче.

Счастья вам, дорогие сограждане! Мирного неба над головой! Мы стойкие люди, и я верю, что наше завтра будет ясным и безоблачным. Нужно только каждому вносить свой посильный вклад в жизнь нашей страны – Республики Казахстан.

Альбина ЛАВРОВА

МЕНШІК ИЕСІ:  
«ҚАПШАҒАЙ ТЫНЫСЫ» ЖШС

ДИРЕКТОР  
ҚАЙРАТ ТӨЛЕГЕНОВ

БАС РЕДАКТОР  
НАЗЕРКЕ ИНАҚЫНОВА

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ-ДИЗАЙНЕР  
ДӘУЛЕТ ЖОЛДАС

БАС МАМАН: Аян ҚОНАРОВ,  
+7 707 612 68 90

ЗАҢҒЕР: АДАЙБЕК БЕЙМБЕТОВ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:  
ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ, 3-ШАҒЫН АУДАН  
34 ҰЙ, 040800.

ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТАМЫЗ:  
E-MAIL: NURLIOLKE@MAIL.RU

ГАЗЕТ КӨЛЕМІ  
2 БАСПА ТАБАҚ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ  
ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ  
МИНИСТРЛІГІНДЕ  
2023 ЖЫЛ  
3 АҚПАНДА ҚАЙТА ТІРКЕЛІП,  
№KZ87VPY00064035  
КҮӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

- ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН, КОРЕЙ ТІЛДЕРІНДЕ АПТАСЫНА БІР РЕТ ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ.
- АВТОРЛАРДЫҢ МАҚАЛАЛАРЫ РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.
- КЕЙБІР МӘТІНГЕ ҚАТЫСЫ ЖОҚ СУРЕТТЕРГЕ ЖАУАП БЕРІЛМЕЙДІ.
- ГАЗЕТ РЕДАКЦИЯСЫ АВТОРЛАРМЕН ХАТ АЛЫСПАЙДЫ. МАҚАЛАЛАР ӨНДЕЛЕДІ, АВТОРЛАРҒА ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. «НҰРЛЫ ӨЛКЕ» ГАЗЕТІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРГЕН МАҚАЛА КӨШІРІЛІП БАСЫЛСА, СІЛТЕМЕ ЖАСАЛУЫ МІНДЕТТІ. ЖАРНАМА МЕН ХАБАРЛАНДЫРУЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МӘТІНІНЕ ЖАРНАМА БЕРУШІ ЖАУАПТЫ.
- КОМПЬЮТЕРГЕ ТЕРІЛГЕНДЕ 6 БЕТТЕН АСҚАН МАТЕРИАЛ ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ.

ГАЗЕТ «НҰРЛЫ ӨЛКЕ» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫНДА БЕТТЕЛІП, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ІЛЕ АУДАНЫ ӨТЕГЕН БАТЫР АУЫЛЫ СЕЙФУЛЛИН КӨШЕСІ 2 «В» «ПРИНТ ПЛЮС» ЖШС БАСПАХАНАСЫНДА БАСЫЛЫП ШЫҒАРЫЛДЫ.  
Тел. 8 (727) 251-78-27,  
Осы шығарылымның таралымы – 5135 дана.